



ОРТАЛЫҚ АЛАҢ



ЕУРАЗИЯЛЫҚ
ӨРКЕНИЕТ
ОРДАСЫ

2

ТҮРКСОЙ – 30



ІЗГІЛІК ПЕН
ИГІЛІК

6

ӘЛЕУМЕТ



«ӘЛЕМДІ ЖАҚСЫ
АДАМДАР
ҰСТАП ТҮР»

21

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

6.07.2023

Түнде:



+17+19 °C

Көшпелі бұлтты,
өткінші жаңбыр, найзағай.

Күндіз:



+26+28 °C

Көшпелі бұлтты,
өткінші жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы:

3-8, найзағай кезінде екпіні 15-18 м/с

7.07.2023

Түнде:



+18+20 °C

Көшпелі бұлтты,
өткінші жаңбыр, найзағай.

Күндіз:



+26+28 °C

Көшпелі бұлтты,
өткінші жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы:

2-7, найзағай кезінде екпіні 12 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty

AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №81 (6374) 6 шілде, бейсенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

БҮГІН – АСТАНА КҮНІ

БІРЛІК ПЕН БЕРЕКЕ БЕСІГІ

Елорданың 25 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған
Астананың бауырлас қалалары форумы өтті



«Астананың 25 жылдығы. Жаңа перспективалар. Жаңа мүмкіндіктер» атты форумға Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қатысып, сөз сөйледі. Форумда қалаларды дамытудың өзекті мәселелері және олардың қазіргі жаһандық әлемдегі өсуі мен инновацияның басты орталықтары ретіндегі рөлі талқыланды. Алқалы жиынға әлемнің 13 мемлекетінен 17 муниципалитет басшылары қатысты.

12

МЕРЕЙТОЙҒА ТАРТУ

ТУҒАН КҮНІҢМЕН, АСТАНА!

Алматыда елорда күні қалай аталып өтеді?



Бүгін еліміздің бас қаласы өзінің 25 жылдық мерейтойын атап өтеді. Астананың туған күніне орай Алматыда да бірқатар мерекелік іс-шаралар ұйымдастырылады. Тіпті, елорда күнін мерекелеу мегаполисте бірнеше күн бұрын басталып та кетті.

24

ҚЫСҚА...

- Мемлекет басшысы еліміздің Ресейге жаңадан тағайындалған елшісі Дәурен Абаевты қабылдады.
- Үкімет басшысы Әлихан Смайылов жұмыс сапарымен Маңғыстау облысына барды.
- Кенесары ханға тиесілі қасиетті Құран кітапқа реставрация жасалады.
- Елордада асық ойнайтын алаңдар ашылды.
- Қазақстанда 42 градусқа дейін аптап ыстық болады.
- 74 жастағы Дәрібай Оспанов пауэрлифтингтен Азия, Океания және Африка чемпионы атанды.
- Ұлттық банк тамызда базалық мөлшерлемені төмендету мүмкіндігін қарастырады.
- Швейцария Сыртқы істер федералдық департаментінің басшысы Иньяцио Кассис Қазақстанға ресми сапармен келді.
- Жеке куәлік, паспорт берілгенде қазақстандықтардан саусак ізі алынады.

www.almaty-akshamy.kz



«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ АҚОРДА

Президент Қазақстанға ресми сапармен келген Швейцарияның федералды кеңесшісі, Сыртқы істер министрі Иньяцио Кассиспен кездесу өткізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев екі ел арасындағы тығыз қарым-қатынас достық пен ынтымақтастық рухында дамып келе жатқанын атап өтті.

Мемлекет басшысы Швейцарияның Алматыдағы Құрметті консулдық қызметінің басталуымен құттықтады. Оның ресми ашылу рәсіміне Иньяцио Кассис қатысты.

Мемлекет басшысы Швейцария Қазақстанның Еуропадағы негізгі саяси, сауда және экономикалық серіктестерінің бірі екенін айтты. Қазіргі уақытта Швейцария Қазақстанның жетекші 20 сауда серіктесінің қатарына кіреді. Елімізге жалпы көлемі 32,5 миллиард доллардан астам инвестиция құйған үш ірі инвестордың бірі.

– Біз Қазақстан экономикасының перспективті салаларына инвестиция құюға дайын жаңа швейцариялық компанияларды қолдаймыз. Қазақстан Үкіметі мен Stadler теміржол концерні арасында қол қойылған келісімнің келешегі зор деп ойлаймын. Сондықтан осы мәміленің жүзеге асырылу барысын ерекше қадағалаймыз. Бұл біздің қарым-қатынасымыздың дамуына тың серпін береді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Иньяцио Кассис екіжақты ынтымақтастықтың қазіргі даму деңгейіне оң баға беріп, оны нығайту ісіне атсалысуға дайын екенін жеткізді. Швейцарияның Сыртқы істер министрі елімізде жүргізіліп жатқан ауқымды реформаларды жоғары бағалады.

■ СЕНАТ

ҚР Парламенті Сенатының депутаттары Алтынбек Нұхұлы мен Ернұр Әйткенов Павлодар облысында болды және өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерімен танысу үшін аймақ басшылығымен кездесті.

Депутаттар Павлодар қаласындағы №2 жылу энергетикалық орталығында да болды. Қаланың ЖЭО 1961 жылы пайдалануға берілген болатын. Оның жылыту маусымына дайындығы мәселесі ерекше бақылауда тұр.

Сенаторлар ЖЭО-дағы өндіріс жұмысымен танысты және салалық цехтарда болып, Екібастұздағы өткен жылғы төтенше жағдайға ұқсас аварияларды болдырмау үшін жұмыстарды жандандырудың маңыздылығын атап өтті.

Кездесу барысында сенаторларға №2 Павлодар ЖЭО-да жылыту қазандықтары мен турбиналарға жоспарлы жөндеу жүргізіліп жатқаны және алдағы маусымға барлық қызметтер қойылған міндеттерді уақытылы орындауы тиіс екендігі туралы ақпарат айтылды.

■ МӘЖІЛІС

Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошанов «Теңізшевройл» ЖШС бас директоры Кевин Лион бастаған делегацияны қабылдады. Делегация Астанада депутаттарды компания қызметімен таныстырып, ынтымақтастық мәселелерін талқылау үшін келген.

Ерлан Қошанов «Теңізшевройл» ЖШС (ТШО) Қазақстан экономикасының дамуына зор үлес қосып келе жатқан жетекші халықаралық компания екенін атап өтті. Оның құрылғанына биыл сәуір айында 30 жыл толды.

– Бүгінде елімізде мұнай-газ саласында біліктілігі жоғары мамандар жеткілікті. Шетелден меңгеріп келген білімі мен трансұлттық компаниялардағы тәжірибесі мол азаматтарымыз көп. Осыған байланысты біз нақты қазақстандық мамандарды, оның ішінде басшылық қызметтерге тартуды ұсынып отырмыз, – деді Мәжіліс төрағасы. Ал ТШО басшысы компания қазақстандық мамандардың қатарын арттыруға күш салып жатқанын айтты.

– Бүгінгі күні негізгі өндірісті 95 пайыз қазақстандық қызметкерлер құрайды, оның ішінде 87 пайызы жетекші немесе басшылық қызметтегі азаматтар, – деді «Теңізшевройл» бас директоры.

Сондай-ақ, Ерлан Қошанов ТШО-ның Атырау облысының дамуына үлкен үлес қосып отырғанын, түрлі әлеуметтік жобаларды қаржыландырып, өңірдің әлеуметтік инфрақұрылымына инвестиция құйып жатқанын атап өтті.

■ ҮКІМЕТ

Үкімет Қаулысымен ҚР-ның нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2023–2025 жылдарға арналған кешенді жоспары бекітілді.

Құжат Мемлекет басшысының 2022 жылдың 1 қыркүйегінде Қазақстан халқына жолдаған «Әділетті мемлекет. Біртұтас ел. Берекелі қоғам» Жолдауында берілген тапсырмаларды орындау аясында әзірленді.

Құжат сарапшылар ортасында және түрлі пікірталас алаңдарында кеңінен талқыланды. Оның негізгі мақсаттарының бірі – қоғамның, азаматтық институттардың және барлық мемлекеттік органдардың нашақорлықтың алдын алу бойынша жүргізілетін жұмыстарының сапасын арттыру және жалпы нашақорлар санын азайту бойынша күш-жігерлерін біріктіру.

Елімізде синтетикалық заттарды жасырын өндіру жағдайлары жиі анықталып жатыр. Апиынды, оның ішінде Ауғанстаннан «Солтүстік бағыт» деп аталатын транзит арқылы тасымал, каннабис тобының есірткі заттарының айналымы, сондай-ақ «дәріхана» нашақорлығы өзекті проблемалар болып отыр.

Қабылданған жоспар аталған бағыттар бойынша іс-шаралар кешенін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Нәтижесінде 2025 жылға қарай есірткі тұтынушылардың санын азайту, есірткіге тәуелділіктен ұзақ мерзімді ремиссиясы бар кемелетке толмағандар санын 15%-дан 20%-ға дейін арттыру, сондай-ақ есірткі тұтынушыларды 26%-дан 30%-ға дейін медициналық-әлеуметтік оңалтумен қамту жоспарланған.

■ ӘЛЕУМЕТ

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жанындағы Ұлттық біліктілік жүйесін дамыту жөніндегі жобалық офисі Қазақстанда Ұлттық біліктілік жүйесін дамыту бойынша семинарлар циклін өткізді.

Оның аясында мемлекеттік органдардың, олардың ведомстволық бағынысты ұйымдарының және «Атамекен» ҰКП-ның 160-тан астам өкілі, сондай-ақ республиканың жоғары оқу орындарынан 400-ден астам адам оқытудан өтті.

Оқуға ҰБЖ дамытудың халықаралық тәжірибесімен бөлісу үшін Еуропалық Одақ елдерінің, сондай-ақ «Эрнст энд Янг» халықаралық аудиторлық-консалтингтік компаниясының сарапшылары шақырылды.

Сондай-ақ, семинар барысында ЕХӘҚМ және Жобалық офис өкілдерінің қатысуымен ҚР Парламенті Сенаты мақұлдаған «Кәсіптік біліктілік туралы» Заңның новеллалары және басқа да бірқатар мәселелер талқыланды.

Семинар шеңберінде мемлекеттік органдар, «Атамекен» ҰКП және ЖОО өкілдеріне әзірленіп жатқан «Cageer Enbek» цифрлық платформасы мен «Skills Enbek» кәсіптік оқыту платформасы таныстырылды.

(Дереккөздер: akorda.kz; parlam.kz; ortcom.kz, primeminister.kz).

● ПРЕЗИДЕНТ

ЕУРАЗИЯЛЫҚ ӨРКЕНИЕТ ОРДАСЫ

Мемлекет басшысы ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің отырысына қатысты



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің отырысына қатысты. Саммит бейнеконференция форматында өтті. Мемлекет басшысы өз сөзінде Үндістанның Шанхай ынтымақтастық ұйымына табысты төрағалық еткені үшін осы елдің Премьер-министрі Нарендра Модиге алғыс айтты.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БЕДЕЛІ ЖОҒАРЫ

Сондай-ақ, Қасым-Жомарт Тоқаев Иран Ислам Республикасының Президенті Ибрахим Раисиді ШЫҰ-ға толыққанды мүше мемлекет мәртебесін иеленуімен құттықтап, Беларусь Республикасының да Ұйымға мүше болу процесі аяқталуға жақын екенін атап өтті.

– Шанхай ынтымақтастық ұйымының халықаралық беделі жоғары. Бүгінде табысты әрі көпжақты ұйымға айналды. Жер шары халқының шамамен жартысын қамтитын ШЫҰ – күн тәртібінде ауқымды мәселелерді қарастыратын бірегей еуразиялық ұйым. Әлемдік ЖІӨ-нің төрттен бір, дүниежүзілік сауданың 15 пайызы біздің мемлекеттеріміздің үлесіне тиесілі. Саяси ықпалы зор, экономикалық мүмкіндігі мол және орасан зор адам ресурсына ие ШЫҰ орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуге және адамзаттың заманауи сын-қатерлерін еңсеруге елеулі үлес қоса алатынына сенімдімін. Жаһандық тәртіпті түбегейлі трансформациялау жағдайында бұрынсоңды болмаған геосаяси шиеленістің, сауда және санкциялық соғыстардың, сондай-ақ басқа да заманауи сын-қатерлердің күшейе түскеніне куә болып отырмыз. Халықаралық құқық негіздері мен оның маңызды қағидатының, яғни теңдей, бірлескен, бөлінбейтін, кешенді және тұрақты қауіпсіздіктің бұзылуы қалыпты жағдайға айналды. Осыған байланысты біз БҰҰ-ның орталық және үйлестіруші рөліне арқа сүйеп, анағұрлым байсалды, демократиялық және көпполарлы әлемді қалыптастыру бағытынан айнымауымыз қажет, – деді Мемлекет басшысы.

ДҮНИЕЖҮЗІЛІК БІРЛІК ТУРАЛЫ БАСТАМА КӨТЕРЕМІЗ

Президент ШЫҰ-ны құруға әуел бастан атсалысқан мемлекет ретінде Қазақстанның осы беделді ұйымға алдағы төрағалығы аясында ШЫҰ кеңістігіндегі достық пен тату көршілік қарым-қатынасты нығайтуға үлес қосып, оның жаһандық рөлін арттыруды жалғастыратынын айтты.

Мемлекет басшысы Ұйымға мүше барлық мемлекет үшін стратегиялық мәні бар басымдықтарға тоқталды.

– Бірінші. ШЫҰ кеңістігіндегі қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету. Ұйымды құрған кезде біз ХХІ ғасырда туындайтын проблемалардың шешімін бірлесіп іздеу жөнінде уағдаластық. Қазіргі кезеңде Шығыс пен Батыс арасындағы геосаяси қайшылыққа жол бермеу біздің елдеріміздің ең басты міндетіне айналуға тиіс. Шанхай ынтымақтастық ұйымы әлемдік қоғамдастыққа қауіпсіз әлем туралы өз ұстанымын ұсына алады әрі

ұсынуға тиіс. Сондықтан Қазақстан өзінің төрағалығы барысында «Әділетті әлем мен келісімді жақтайтын дүниежүзілік бірлік туралы» бастама көтереді. Бұл ауқымды құжатта сенім іс-шараларын нығайту, тұрақтылық пен қауіпсіздікті сақтау қағидаттарының негізі қаланады. Бұл бастаманы қолдау біздің ортақ мүддемізге сай екеніне сенімдімін. Сонымен қатар, біздің төрағалығымыз кезінде «үш зұлм күшке», трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа, заңсыз есірткі айналымына және киберқылмысқа қарсы күреске баса мән беріледі, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2025–2027 жылдарға арналған ынтымақтастық бағдарламасын жаңартуға күш салу қажет деп есептейді. Бұдан бөлек, Қазақстан ШЫҰ-ның 2024–2029 жылдарға арналған есірткіге қарсы стратегиясы мен оны жүзеге асыру жөніндегі Іс-қимыл бағдарламасын қабылдауды ұсынады. Сондай-ақ, Ауғанстандағы дағдарысты еңсеруге арнайы назар аударған жөн. Қазақстан тарапы Алматы қаласында Орталық Азия мен Ауғанстан үшін тұрақты даму мақсаттары жөніндегі БҰҰ-ның аумақтық орталығын ашу жөніндегі бастамаға тағы да тиісті деңгейде мән беру қажет деп есептейді.

ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ФОРУМ ӨТКІЗУГЕ ДАЙЫНБЫЗ

Мемлекет басшысы бүгінде энергетикалық ынтымақтастықты нығайтудың, бұл бағыттағы өзара жүйелі іс-әрекеттерді жолға қоюдың өзектілігі артып келеді деп санайды. Ол энергетиканың жаңа түрлеріне көшуе, экономика мен өнеркәсіпті көміртегінен арылтуға бағытталған келісімді іс-әрекеттер керек екенін атап өтті.

– Келесі Астана саммитіне дейін ШЫҰ-ның Энергетикалық стратегиясын келісуді ұсынамыз. Бұл құжаттың қабылдануы орнықты даму саласындағы БҰҰ Күн тәртібінің мақсаттарын жүзеге асыруға ықпал етеді. Біз аталған мәселенің аса маңызды екенін ескере отырып, Қазақстанда ШЫҰ-ның Энергетикалық форумын өткізуге дайынбыз. Бұл саладағы ынтымақтастықтың перспективаларын жан-жақты талқылау елдеріміздің энергетикалық қауіпсіздігі мен теңгерімді дамуын қамтамасыз ету үшін бірлескен әдістер әзірлеуге мүмкіндік береді, – деді Президент.

Мемлекет басшысы цифрлық саладағы ынтымақтастықты кеңейту мәселесін келесі бір басымдық ретінде атап өтті. Оның айтуынша, түрлі елдер мен әлеуметтік топтар арасындағы «цифрлық алшақтық» өзекті мәселеге айналып отыр.

– Сондықтан цифрлық теңсіздікті бірте-бірте азайту біздің

ұйым қызметінде нақты басымдыққа айналуға тиіс. Үндістан ШЫҰ-ға төрағалық еткен кезеңде бұл бағыттағы ынтымақтастықты дамыту үшін ауқымды жұмыс атқарды. Енді осы стратегиялық маңызды саладағы үздік тәжірибелерді алмасу ісін одан әрі жалғастырып, жолға қойылған байланыстарды сақтау және нығайту маңызды. Былтыр Қазақстан БҰҰ-ның электронды үкіметті дамыту индексі бойынша 28-орынды иеленді. Бұл – ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер арасындағы ең жоғары көрсеткіш. Қазақстанда жан-жақты цифрлық трансформация жасау үшін қолайлы жағдай жасалған. IT шешімдер мемлекеттік басқару жүйесіне жоспарлы түрде енгізіліп жатыр. Дамыған банктік экожүйе пайда болды. Қаржы технологиясының нарығы кеңейіп келеді. Электронды коммерция қарқын алды. Қазақстан Цифрлық хаб ретінде ШЫҰ кеңістігінде өз қызметін ұсынады. Сондықтан 2024 жылы ШЫҰ-ның Цифрлық форумын Астанада өткізу маңызды деп санаймын. Осы ретте аталған жиынды технопарктер мен инновациялық кластерлер пулының Басқарушы комиссиясының бірінші отырысымен біріктіруге болады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ЕЛ МЕН ЕЛДІ ЖАЛҒАЙТЫН – ТУРИЗМ

Қасым-Жомарт Тоқаев мәдени-гуманитарлық байланыстарды дамыту мәселесіне арнайы тоқталды. Оның айтуынша, елдеріміз бен халықтарымыздың арасын жақындатудың тағы бір тиімді тетігі – туризм. Дүние жүзі халқының 45 пайызын қамтитын ШЫҰ кеңістігі әлеуеті әлі толық пайдаланылмаған алып туристік нарық саналады. Мұны мойындау керек.

– Қазақстан бұл бағыт бойынша кешенді іс-шаралар қабылдап жатыр. Былтырдан бастап елімізде Үндістан, Иран және Қытай азаматтары үшін визасыз режим енгізілді. Бұл іс-шара мемлекеттеріміз арасындағы туризмді дамытуға ықпал етеді. Қазақстанның ШЫҰ-ға төрағалық ету кезеңінде Алматы қаласын Шанхай ынтымақтастық ұйымының туристік және мәдени астанасы деп жариялауды ұсынамыз. ШЫҰ-ның кең байтақ кеңістігі – Еуразиялық өркениеттің алтын бесігі. Ал мәдениеттердің біртұтастығын айшықтайтын бірегей «Шанхай рухы» – оның баға жетпес құндылығы. Ортақ идеалдарымыз бен құндылықтарымызды әлемге дәйекті түрде дәріптеу маңызды. Қазақ жері – ежелден өркениеттер тоғысқан, дәстүрлер мен мәдениеттер біте қайнасқан мекен. Ал бүгінде Қазақстан бәрімізге ортақ, бай рухани мұраны сақтау және оны насихаттау ісіне барынша атсалысуға дайын. Осыған орай «ШЫҰ-ның киелі орындары» жобасын қолға алуды ұсынамын. Ұлы ойшыл Қожа Ахмет Ясауи кесенесі Қазақстандағы әлемдік маңызы бар осындай киелі орын саналады. ШЫҰ-ның «Алтын Орда және оның мұрасы» атты конференциясы аясында осы ортағасырлық сәулет өнерінің ұлы ескерткішінің таныстырылымын қасиетті Түркістан шаһарында өткізуді жоспарлап отырмыз. Мұндай ауқымды іс-шара елдеріміз арасында анағұрлым тығыз гуманитарлық байланыстар орнатуға ықпал ететініне сенімдімін, – деді Президент.

ТУЙЫН:

Президент ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер басшыларын келесі жылы Астанада өтетін Шанхай ынтымақтастық ұйымының саммитіне қатысуға шақырды. Жиын қорытындысында Нью-Дели декларациясы және бірқатар құжат қабылданды.

Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛШЕВА.



ALMATY AQSHAMY-35

«Almaty aqshamy» газетінің 35 жылдық мерейтойына орай қала әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев газет ұжымына арнайы құттықтау-хат жолдады.

АЛМАТЫНЫҢ АЙНАСЫ

Құрметті «Alatau Aqparat» медиахолдингінің ұжымы!

«Almaty aqshamy» – азаттығымыздың алтын бесігі Алматының бас басылымы. Әсем қаламызда атқарылып жатқан ауқымды істер, оның жарқын жеңістері мен өткір мәселелері, қоғамдағы барлық жаңалықтар, мәдениет пен өнердегі табыстары, түгелге дерлік басылым беттерінде тарих болып қатталып келеді.

Өзінің бағыт-бағдары, айтары бар басылым, оқырманға ой салып, кесек-кесек мәселе көтеру арқылы да мыңдаған отбасының сүйікті газетіне айналды. Мұның бәрі қолына қалам алған «ақшамдықтардың» жанкешті еңбектерінің жемісі.

Бүгін «Almaty aqshamy»-ның жарыққа шыққанына 35 жыл толып отыр. Осы жылдар ішінде газетті елге белгілі танымал тұлғалар басқарып, басылымның көркеюіне ойы жүйрік, санасы сергек, көзі қырағы небір мықты

қаламы қарымды журналист үлес қосты. Бұл ұжымнан талай білікті маман, қарымды қаламгер шарболаттай шыңдалып шығып, әр салада елге еселі еңбек етіп жүр.

Алматының айнасы болған бас газеттің орны оқырман үшін де бөлек. Сондықтан бүгінгі мерейтой газет ұжымымен бірге, қалың оқырманның да мерейлі мерекесі деп білеміз.

Әсем Алматының рухын сезінтіп, сән-салтанатын асқақатып, ажарын айшықтап тұрған басылымға сәттілік тілейміз! Қалам қуатымен ел игілігін еселеу, мемлекетімізді өркендету жолындағы жұмыстарыңыз табысты да, баянды болсын!

Газет ұжымын 35 жылдық мерейтойымен құттықтай отырып, алдағы күндеріңізге шалқар шабыт пен шығармашылық табыс тілейміз!

А.ҚЫРЫҚБАЕВ,
Алматы қаласы әкімінің орынбасары.

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ

АЗАМАТТАР ҚАУІПСІЗДІГІ басты назарда болуға тиіс!



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Азат Перуашев ТЖМ Алматы қаласы бойынша департаментінде болып, шаһардың төтенше жағдайларға дайындығымен танысты.



Айнабай МӘДИ

Мәжіліс депутаты алдымен қалалық Төтенше жағдайлар департаментінің Басқару орталығын көріп, жер сілкінісін алдын ала ескерту жүйесінің жұмысымен танысты.

Бүгінде Қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің құзырына қарасты Медициналық катастрофа қызметімен байланыс халық қалаулысын бей-жай қалдырмады. Табиғи және техногенді мәндегі апаттардың алдын алу, сейсмомостансалар жайы, Күйік орталығының жай-күйі сұралды.

Депутаттың сапары Сейсмология институтында жалғасты.

«Конституциямызда ең басты құндылық – адам, оның өмірі мен денсаулығы. Бізді мазалайтын жәйт, азаматтарымыздың қауіпсіздігі болғандықтан, осы тұрғыда Төтенше жағдайлар департаментінде атқарылып жатқан жұмыстардың жай-күйін білдік. Адамдарды табиғи және техногенді апаттардан сақтандыруға, төтенше жағдайларда азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тиіс құзырлы департаментте әлі де бірқатар өзекті мәселе барын білдік. Мұны шешудің жолдарын қарастыруға барынша атсалысатын боламыз», – деп мәлімдеді Мәжіліс депутаты Азат Перуашев.

ҰЛТАРАЛЫҚ ТАТУЛЫҚ

ДЕПУТАТТАР АССАМБЛЕЯ МҮШЕЛЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

Үш айда атқарылған жұмыстар туралы есеп берді



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Алматы қаласындағы этномәдени бірлестіктердің және Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдық құрылымдарының жетекшілерімен кездесті.



Гүлжанат СЕМБАЕВА

Достық үйіндегі кездесуге ҚР Парламенті Сенатының Халықаралық қатынастар, Қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі Жанна Асанова, ҚР Парламенті Сенатының Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі Нурия Ниязова, ҚР Парламенті Мәжілісінің Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі Ерлан Стамбеков, ҚР Парламенті Сенатының депутаты, Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды

дамыту комитетінің мүшесі Зәкіржан Кузиев қатысып, Алматы қаласы Қазақстан халқы Ассамблеясы мүшелерінің сауалдарына жауап берді. Соңғы үш айда атқарылған жұмыстар туралы есеп берді.

Кездесу барысында Ассамблея мүшелері депутаттарға еңбекақы, транспорт, т.б. мәселелер бойынша сұрақтарын қойды, ұсыныстарын жеткізді.

Депутаттар Парламенттегі «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» заң жобасы, азаматтардың әлеуметтік құқығын қорғауға қатысты заң шығару жұмыстары жөнінде баяндады.

«Көпшіліктің сұрақтарына жауап беріп, туындаған мәселелерді шешудің ең оңтайлы жолы осындай кездесулер деп санаймын. Сайлауалды бағдарламада айтылған өзекті мәселелер төңірегінде сұрақтар қойылды. Үш-ақ айдың ішінде істелген жұмыстар туралы есеп бердік. Есеп беріп ғана қоймай, әлі де шешімін таппаған күрделі мәселелерді тұрғындармен бірге талқылауды жөн санадық. Ықпалды Парламент осындай кездесулерден басталады.

Сайлауалды баяндаманың негізгі бағыттарының бірі – несие мәселесі болды. Мандаттыққа келгеннен кейін халықтың несие құлдығына қарсы шығып, депутаттық сауал жолдадым. Біраз өзгеріс те байқалады», – деді ҚР Парламенті Мәжілісінің Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі Ерлан Стамбеков.

БРИФИНГ

«ИНВЕСТИЦИЯЛАРҒА АЙЫРБАСТАУ ТАРИФІ» Алматыда коммуналдық тариф қалай өзгереді?

Алматы қаласының өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментінің басшысы Әсел Бөденеваның және Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Бауыржан Жаубасовтың қатысуымен баспасөз конференциясы өтті.



Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

«Инвестицияларға айырбастау тарифі» бағдарламасына сәйкес республика бойынша инженерлік желілердің тозуын қосымша инвестициялар есебінен: жергілікті бюджет пен тарифтер есебінен орта есеппен 15%-ға төмендету жоспарлануда. Қаражат коммуникацияларды жөндеуге және жаңғыртуға бағытталатын болады.

Ведомствоның мәліметінше, 2023 жылға Алматыда жылу желілері 59,2%-ға, су құбырлары 54,4%-ға, көріз желілері 57,4%-ға тозған.

– Тарифтердің өзгеруі коммуналдық кәсіпорындардың өндірістік персоналының жалақы-

сын орта есеппен 58%-ға ұлғайту үшін қайта қарауды көздейді, – деді Ә.Бөденеева.

Алматы әкімдігі коммуналдық тарифтер бойынша халықтың әлеуметтік осал топтары үшін қосымша қолдау шараларын енгізуді жоспарлауда.

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасы бойынша халықтың әлеуметтік осал топтары үшін коммуналдық қызметтерге тарифтерді көтеруге өтемақы төлеу алгоритмі әзірленді. Бұл туралы баспасөз конференциясында Алматы қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Бауыржан Жаубасов мәлімдеді.

Әкімдіктің қосымша төлемдерді енгізу жөніндегі бастамасы ағымдағы жылдың 1 шілдесінен бастап тозығы жеткен желілердің проблемасын шешу үшін қажет коммуналдық қызметтерге тарифтердің көтерілуімен түсіндіріледі және «Тарифтер – инвестицияларға» жалпыхалықтық қағидаты аясында енгізіледі.

«Біз коммуналдық инфрақұрылымның әбден тозуы аясында тарифті көтерудің үлкен қажеттілігі бар екенін түсінеміз, бірақ бұл ретте Алматы қаласы әкімдігі үшін халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдау әрқашан басымдыққа ие. 2023 жылдың мамыр айынан бастап Алматы қаласы әкімінің тапсырмасы бойынша біз халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдау үшін өтемақы алгоритмін әзірлеуді бастадық, оны қала мәслихаты да

қолдайды деген сенімдеміз», – деді Б.Жаубасов.

Халықтың әлеуметтік қорғалмаған санаттарына қолдау шараларын көрсету мақсатында ағымдағы жылдың соңына дейін 316 388 тұрғынға өтемақы төлеу жоспарлануда (одан әрі ұзарту 2024 жылғы бюджетті ескере отырып қаралатын болады). Әлеуметтік көмек мөлшері 0,5 АЕК құрайды. Құжаттарды қабылдауды және төлеуді аудандық әкімдіктер өтініш берушілердің шоттарына екінші деңгейдегі банктер арқылы жүргізетін болады.

Мәселен, жеке тұлғалар үшін тарифтің өсуі түбіртек бойынша көлемі 70 шаршы метр пәтерде орташа есеппен 10%-ды құрайды. 0,5 АЕК мөлшеріндегі өтемақы 12 позицияға (сумен жабдықтау, су бұру, газ, жылыту және т.б.) тарифтердің көтерілу айырмасын, яғни барлық 100% өсімді жабатын болады. 40 шаршы метрлік көлемнен – 110%.

Осылайша әкімдік 12 позицияға (сумен жабдықтау, су бұру, газ, жылыту және т.б.) ағымдағы және жоғары тарифтер арасындағы айырмашылықты жабуды жоспарлауда. Осы мақсаттарға барлығы 2,7 млрд теңге бөлінеді.

Қазіргі кезде «Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына коммуналдық қызметтерге тарифтердің өсуін өтеуге әлеуметтік көмек көрсету қағидаларының» жобасы Алматы қаласы мәслихатының келісіміне ұсынылған. Алгоритмге сәйкес құжат НҚА порталында орналастырылып, қоғамдық сараптама алу рәсімдері сақталады.



ЖОЛ ЖӨНДЕУ

5 шілдеден 3 тамызға дейін Алматы қаласының Алатау ауданында Барыс көшесінен Жаужүрек көшесіне дейін Боралдай тас жолында көлік қозғалысы шектеледі. Бұл аумақта қозғалыс екі бағытқа да жабылады.



Боралдай тас жолы жабылады



Алматы қаласы Энергетика және сумен жабдықтау басқармасы мамандарының хабарлауынша, уақытша шектеулер су құбыры мен кәріз желілерін салу бойынша жұмыстарды жүргізу қауіпсіздігін қамтамасыз ету енгізіледі. 3,5 шақырым су құбыры және 2,8 шақырым кәріз желісі салынады. Бұл жобаның арқасында Алатау ауданының 2,5 мың тұрғыны тұрақты желілермен қамтылады.

Уақытша қолайсыздыққа түсіністікпен қарауды және көрсетілген аумақты айналып

өту жолдарын алдын ала қарастыруды сұраймыз.

Биыл барлығы 20 нысан бойынша 108,4 км су құбыры және кәріз желісін (81,1 км су құбыры және 27,3 км кәріз) салу жоспарланған, бұл халықтың орталықтандырылған сумен жабдықтауға қолжетімділігін 99,2%-ға дейін арттыруға мүмкіндік береді.

Айта кетейік, желілерді салу және жаңғырту жұмыстары тұрақты негізде жүргізіледі, себебі бұл қала тұрғындарының өмір сүру сапасына тікелей әсер етеді. Мысалы, былтыр Наурызбай, Алатау және Түркісіб аудандарының 18 шағынауданында 153,9 км сумен қамту және 118,1 км су бұру желісі салынды (60 мыңға жуық адам қамтылды). Жүргізіліп жатқан жұмыстың арқасында сумен қамту желілерінің тозуы 56,2%-дан 55,8%-ға және кәріз желісінің тозуы 58%-дан 57,5%-ға дейін төмендеді. 2022 жылдың қорытындысы бойынша орталықтандырылған сумен жабдықтауға қолжетімділік 99% болған, ағынды суды тазарта отырып халықты қамту 92,7%-ға жетті.

ҚАУІПСІЗДІК

QR-коды бар тақтайшалар орнатылады

«Апат айтып келмейді», сондықтан оның алдын алу маңызды. Өйткені, жер сілкінісінің нақты қашан және қалай болатынын ешкім дөп басып айта алмайды. Сондықтан қай кезде де құрал-сайманымыздың да, өзіміздің де сақадай-сай жүргеніміз артықтық етпейді.



Мәселен, Түркия мен Сириядағы зілзаладан кейін алматылықтардың да қорқып қалғаны рас. Бірақ төтеншеліктердің тоқсан сайын өткізілетін сейсможаттығулардың арқасында қала тұрғындарының басым бөлігі апат кезінде не істеу керектігін аз да болсын біліп алды.

Осындай жайттарды ескеріп, Алматы қалалық Төтенше жағдайлар департаменті биыл Алматыдағы барлық үйлердің сыртына жер сілкінісі бола қалған жағдайда көмектесетін QR-коды бар тақтайшалар орнатуды жоспарлап отыр. Бұл тақтайшалар қаладағы барлық тұрғын үйдің қасбетіне орналастырылады. Мамандардың айтуларына, кодты сканерлеу арқылы жақын жерде орналасқан пункттер мен эвакуация жолдарының бағытын анықтауға болады.

Қалалық Төтенше жағдайлар департаменті мамандарының мәліметінше, бүгінде Алматыда қала тұрғындарына хабардар етуге арналған 843 сирена мен сирено-сөйлеу қондырғылары жұмыс істейді. Сонымен қатар,

хабарландыруға 671 телесарна мен 24 «медиа-сервер» радиоарналары қатысады. Жойқын жер сілкінісі жағдайында 13 371 адамнан тұратын күш пен құралдардың арнайы тобы мен әртүрлі мақсаттағы 4060 техника қарастырылған.

Бұдан бөлек, биыл тұрғындарды «Дармен» тегін мобильді қосымшасы туралы ақпараттандыру жұмыстары күшейтілді. Оның әрбір алматылық үшін маңызы зор. Өйткені, бұл арқылы зардап шеккен халықтың қабылдау пункттерінің мекенжайларын білуге болады. Бүгінде Алматыда сейсмикалық жаттығулар белсенді жүргізілуде. Мамандардың айтуынша, жыл басынан бері түрлі ұйымдарда 3000-нан астам пысықтау жұмыстары өткізілген.

ТҮРКІСІБ АУДАНЫ

Тазалық бар жерде, береке бар



Халықтың әл-ауқатын арттырып, жайлы ортада өмір сүруіне жағдай жасау. Бұл Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың айрықша көңіл аударып, қатаң бақылауға алып отырған мәселесі.

Бүгінде бұл бағытта Алматының барлық аудандарында жүйелі жұмыстар қолға алынған. Аудан басшылары аймақтағы қоғамдық кеңістіктер мен жол сапасын тексеру жұмыстарына тексеру жүргізіп, халықпен кездесулер өткізіп жатыр.

Сондай кездесудің бірі Түркісіб ауданында ұйымдастырылды. Ауданның санитарлық жағдайын тексеру мақсатында Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасының басшысы Данияр Қырықбаевпен бірлесіп аудан әкімдігінің қызметкерлері шағынаудандарды, магистральдық көшелерді, саябақтар мен шағын бақтарды аралап шықты. Жұмыс

сапары барысында мердігер ұйымдарға бірқатар ескертулер берілді.

Соның ішінде арық желілерін тазарту бойынша жұмыстарды күшейтуге және жаяу жүргіншілерге ыңғайлы болуы үшін ағаш діңін көтеріп, қауіпсіздікті қамтамасыз етуді тапсырды. Бірқатар учаскелер бойынша абаттандыру элементтерін сырлап, қажет болса қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу қажет екенін айтты.

Жауапты сала мамандарының айтуынша, аудан бойынша жұмыстарды 140 жұмысшы 89 арнайы техниканың көмегімен жүзеге асырады.

АЛМАЛЫ АУДАНЫ



Аулалар жөнделіп жатыр

Алмалы ауданындағы аулаларды жөндеуге баса көңіл бөлінуде. Аудан әкімі Айдар Жәкібаевтың айтуынша, биыл 50 нысанды жөндеуді жоспарлап отыр.

Бүгінде кестеге сәйкес аудан аумағындағы аулаларға ағымдағы жөндеу жұмыстары басталды. Аудан басшысы жауапты сала мамандары және мердігер ұйымдармен бірлесіп жұмыс жоспарын анықтау үшін аумақтарды аралауды жалғастырып жатыр. Жұмыс барысында балалар мен спорт аландары өлшенеді,

сондай-ақ ойын және спорт кешендерінде қандай шағын сәулет нысандарын орнату қажет екендігі таңдалады. Ағымдағы жөндеу жұмыстары зақымдалған және сынған элементтерді ауыстырумен ішінара жөндеуді қамтиды. Ал аулаларды күрделі жөндеу бойынша оларға ЖСК (Жобалау-сметалық құжаттама) әзірлеу арқылы немесе «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы арқылы кешенді түрде жүргізу ұсынылады. Тағы бір ескере кететін жайт, аулаларды келесі жылға арналған күрделі немесе ағымдағы жөндеу тізіміне қосу үшін нақты мекенжайы көрсетілген өтініш беру қажет. Осындай жұмыстардан кейін аула аумағын жөндеу қарастырылады.

ЖАСЫЛ ҚАЛА

Әдетте жасыл желектерге байланысты сөз болғанда біздің ойымызға бірден шөбі құрап, гүлі солып қалған аймақтар еске түседі.

Десек те, бұл қате пікір. Өйткені, қала аумағында айналасы жап-жасыл болып жайнап жатқан жерлер, нақтырақ айтқанда, саябақтар баршылық. Қазір жаз мезгілі. Алматылықтар дәл осы айналасы жасыл желекпен көмкерілген қоғамдық кеңістіктерге әсіресе кешкісін серуен құруға дағдыланған.

Өйткені, мұнда тұрғындар үшін барлық жағдай жасалған. Саябақтардың барлығында жасыл қор жайқалып тұрғанын көруге болады. Көзің де, көңілің де тоятын жасыл аймаққа қарап, мұнда жү-

САЯБАҚТАР САЯСЫНДА



йелі жұмыс жүргізілгенін айтпай кетуге болмас.

Арнайы құрылғылармен суарылған көгал жап-жасыл болып жатыр. Салқын ауа қалыптастырған субұрқақтар да саябаққа сән беріп тұр. Тап-таза мұнтаздай жерде кімнің отырғысы келмейді дерсіз...

Демек, тазалық бар жерде – қоршаған ортаға зиян жоқ. Ендеше, сіз бен біз болып құтты мекенге айналған Алматының тазалығын назардан тыс қалдырмайық. Егер әр адам тазалықты өзінен бастар болса, қаламызда тазалық жөнінен мәселе болмайды. Ендеше, тазалық – баршаға ортақ. Сондықтан кез келген алматылық үшін қала тазалығы бірінші орында тұруы тиіс.

Бетті әзірлеген
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



ӘЛЕУМЕТ



Суретті түсірген Самат Құсайынов.

КӨПБАЛАЛЫ
АНАЛАРДЫ
ҚАБЫЛДАЙДЫ

Алматы қаласының әкімі бекіткен кестеге сәйкес, биылғы маусым айында аудан әкімдері көпбалалы аналармен кездесті. Бір айда барлығы 8 кездесу өтті.

Нұржамал
ӘЛШЕВА

Әкімдік басшыларымен жүздесуге 102 көпбалалы ана келіп, әкімдерге 115 сұрақ қойылды. Оның 68-іне жауап беріліп, кездесуден кейін 26 мәселе пысықталды, ал 21-і қолға алынды.

Көпбалалы аналар тарапынан көтерілген негізгі мәселелер: тұрғын үй алу (кезекке қою) – 29 (25%); білім (балаларды мектеп пен балабақшаға орналастыру, мектеп формасы, DantuBala бағдарламасы) – 28 (24%); денсаулық сақтау – 6 (5%); әлеуметтік жәрдемақылар (АӘК, азық-түлік жинақтары) – 14 (12%); ТКШ және абаттандыру (газ қосу, сумен қамту және су бұру) – 15 (13%); жұмыспен қамту және бизнес гранттары – 5 (4%). Одан басқа 18 тақырып (16%) көтерілді.

Халық пен билік арасындағы кездесу шілде айында да заңды жалғасын табады. Яғни қала басшысы оның кестесін де бекітті.

– **Алатау ауданы:** аудан әкімінің аппараты (Жанқожа батыр көшесі, 26-үй), 19 шілде, сағат 11.00.

– **Алмалы ауданы:** «Бақытты отбасы» отбасын қолдау орталығында (Наурызбай батыр, 106 А), 27 шілде, сағат 10.00.

– **Әуезов ауданы:** аудан әкімінің аппараты (Алтынсарин даңғылы, 23-үй), 21 шілде, сағат 10.00.

– **Бостандық ауданы:** №81 гимназияның акт залында (Бұқар жырау бульвары, 38-үй), 11 шілде, сағат 10.00.

– **Жетісу ауданы:** «Бақытты отбасы» отбасын қолдау орталығында (Жансүгіров көшесі, 65-үй), 25 шілде, сағат 15.00.

– **Медеу ауданы:** «Бақытты отбасы» әлеуметтік орталығында (Зенков көшесі, 15-үй) 24 шілде, сағат 10.00.

– **Наурызбай ауданы:** аудан әкімінің аппараты («Шұғыла» ықшамауданы, 347-үй), 20 шілде, сағат 10.00.

– **Түрксіб ауданы:** «Бақытты отбасы» әлеуметтік орталығында (Р.Зорге көшесі, 9-үй) 26 шілде, сағат 11.00.

НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?

«ЖОЛ АЗАБЫН ЖҮРГЕН БІЛЕР»

Тұрғындар мәселесі шешімін таба ма?

«Северный» тұрғын үй кешенінде айналып шығып кететін жол жоқ, құрылыс кезінде қателіктер де орын алған. Осы мәселе көптен бері көтеріліп жүрген еді. Бұл түйткілді шешу мақсатында сала мамандары тұрғындармен кездесіп, уәжін тыңдады.

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Тұрғындардың өтініші бойынша қалалық мәслихат депутаттары мемлекеттік органдар өкілдерімен бірге мониторинг жасады. Негізгі дүние – халықтың жанайқайына айналған жол мәселесін салу бойынша бірқатар талқылаулар өтті.

«Северный» тұрғын үй кешенінде жалпы саны 460 пәтер қоныс тепкен. Солтүстік айналым жолына тікелей шығатын жол салып беру туралы өтініш көптен бері көтерілген. Бұл жөнінде кездесуге келгендер де айтты.

– Біз алғаш осы маңнан үй алған кезде екі кіру жолын салып береміз деп уәде берген-тұғын. Дәлірек, Рафикова көшесі және Солтүстік айналым жолынан кіретін жол болатындығын айтты. Кейіннен Солтүстік айналымнан жолдың ашылмайтындығын, ол маң жеке секторға тиесілі екендігін хабарлады. Қысқасы, жол тар. Балалы әйелдер өте алмайды. Осы айтылған проблема тезірек шешімін тапса екен, – деді тұрғын Алтын Айтмұхамедқызы.

Жергілікті орган өкілдері аталған мәселемен таныс екендігін айтты. Сондай-ақ, бірқатар ойларды ортаға салды.



Суретті түсірген Самат Құсайынов.

– Алматы қаласы Жол басқармасының, тұрғын үйді салған құрылыс компаниясының өкілдерін шақырдық. Сол кісілермен бірлесіп жол салуды ойластырдық. Қолдан келген істің бәрін жасауға тырысамыз. Жер басқармасына тұрғындар хат жазады. Жер басқармасы мәслихат қарауына кіргізеді. Мәслихат қолдаса, қажетті жер жекеден сатып алынады. Содан кейін Жол басқармасы жолды салады. Екінші жолы – «Шебер» компаниясымен келісіп, тұрғындардың өтініші бойынша жолды адамгершілікпен созу. Ал мұны заңдастыру ұзақ үдеріске түседі, – деді Алматы қалалық мәслихатының депутаты Нұрмбек Тау.

ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯ

Естай
БОЖАН

Кеше Алматыда «15 шілде оқиғасы халықтық демократияны қорғаудың халықаралық мысалы ретінде» деген тақырыпта конференция өтті. Еуразия ғылыми-зерттеу институты ұйымдастырған шараға ғалымдар, дипломаттар және БАҚ өкілдері қатысты.

Онда Түркиядағы 2016 жылғы 15 шілдедегі төңкерісті тақырып ете отырып, Түркі әлеміндегі және кейбір жаһандық мәселелер талқыланды.

Түркияның Алматыдағы Бас консулы Али Риза Акынжы да басқосуда өз баяндамасын жасады. Ол 15 шілдедегі әскери төңкерістің сипатына қатысты пікірін ортаға салды. «Өзге ұқсас оқиғалардан өзгешелігі халық өзі сайлаған легитимді билікті қорғауға күш салды. Бауырлас Қазақстанның басшылығы алғашқылардың бірі болып Анкараның қасынан табылды», – деді консул мырза.

Еуразия ғылыми-зерттеу институтының директоры Суат Бейлұр мырза түрлі төңкерістік әрекеттердегі діни

ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ
МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

ағымдар мен экстремистік ұйымдардың ықпалын тереңірек қарастырудың өзектілігін еске салды.

Өз кезегінде Саяси зерттеулер орталығының директоры Айдар Әміребаев гибридік соғыс тақырыбына тоқталды. Ол Түркиядағы «15 шілде төңкерісі», Қазақстандағы «Қаңтар оқиғасы», Ресейдегі «Вагнер оқиғасы» қатарлы күрделі құбылыстардан гибридік соғыстың сипаттарын табуға болатынын жеткізді. Сондай-ақ, түркі мемлекеттері әлемге қандай саяси мо-

дернизация үлгісін ұсына алатыны жайында ортақ ізденіс керек деген ойын ұсынды.

Ғылыми отырыста, сонымен қатар, Философия, саясаттану және дінтану институтының директоры Серік Сейдуманов, Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ өкілетті кеңес төрағасы Мухитин Шимшек тақырыпқа қатысты өз пікірлерін ортаға салды. Жиынға Alatau Aqparat медиахолдингінің бас директоры Ержан Қалымбайұлы қонақ ретінде қатысты.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ХҚКО ЖҰМЫСЫ
УАҚЫТША ТОҚТАТЫЛАДЫ
7 ЖӘНЕ 8 ШІЛДЕДЕ ЖҰМЫС ІСТЕМЕЙДІ

Бұл туралы «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы мәлім етті.

7 және 8 шілдеде ҚР ІІМ ӘПК ақпараттық жүйелерінде көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу және жүргізуші куәліктерін беру қызметтері бойынша жүргізілетін техникалық жұмыстарға байланысты Қазақстанның мамандандырылған ХҚКО-ларының жұмысы тоқтатылады.

Бірақ кезекші ХҚКО-лар осы күндері қызмет алушыларды қабылдайды.

Ал дүйсенбі күні 10 шілдеде мамандандырылған ХҚКО-лар штаттық режимде 9.00-ден 18.00-ге дейін, ал кезекші ХҚКО-лар 9.00-ден 20.00-ге дейін жұмыс істейді.

Сондай-ақ, 6 және 9 шілдеде – еліміздің ХҚКО-лары мен мамандандырылған ХҚКО-лары үшін демалыс күндері болып есептеледі.

Еске сала кетсек, жұмыс күндері ХҚКО-лар мен МХҚО-лар 9.00-ден 18.00-ге дейін, кезекші ХҚКО-лар жұмыс күндері 9.00-ден 20.00-ге дейін, сенбі күні 9.00-ден 13.00-ге дейін жұмыс істейді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

САЛТАНАТТЫ РӘСІМ

ЖАҢА ҚАДАМ
ОҢ БОЛСЫН!Мемлекеттік қызмет алушыларды
құттықтады

АХАЖ органдарының функциялары биылғы 1 шілдеден бастап «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамына берілді.

Осыған байланысты «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының Алматы филиалында АХАЖ желісі бойынша алғашқы мемлекеттік қызмет алушыларды құттықтады. Бұл қуанышты іс-шараны филиал басшылығы Астана күніне, сондай-ақ АХАЖ функцияларын «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына өтуіне орайластырып ұйымдастырды.

Филиал директорының орынбасары Фарида Бөкижанова неке туралы және баланың туу туралы куәлігінің алғашқы алушыларын сән-салтанатпен құттықтады. Оларға мемлекеттік корпорацияның Басқарма төрағасы Сүлейніш Әбділдиннің құттықтау хаты мен естелік сыйлықтары табыс етілді.

«Бүгін Алмалы және Медеу ауданының АХАЖ бөлімдерінде жас жұбайлар мен сәбилі болған

ата-аналарды құттықтадық. Олар Мемлекеттік корпорацияның елтаңбалы мөрі қойылған «Неке куәлігі» мен «Баланың туу туралы куәлігінің» алғашқы иегерлері атанды. Сондай-ақ, жас жұбайларға гүл шоқтары мен жарық дүние есігін ашқан нәрестелеріне деп жұмсақ ойыншықтар ұсынылды. Осылайша бүгін ондаған қала тұрғынының отбасылық тарихына тағы бір қызықты оқиға жазылды. Олар бұл туралы кейін балаларына, немерелеріне, шөберелеріне айтатын болады», – дейді Ф.Бөкижанова.

АХАЖ функциялары ауысқанымен, қызметтерді алу тәртібі өзгермегенін атап өткеніміз жөн. Некеге тұруға өтініштер бұрынғысынша Электрондық үкіметтің e-gov.kz веб-порталы арқылы электронды түрде беріледі.

Нұр ЖАМАЛ.



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАУЫМДАСТЫҚ

ІЗГІЛІК ПЕН ИГІЛІК

Түркі әлеміндегі ең алғашқы халықаралық ұйым хақында

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев түркітілдес елдермен қарым-қатынастарды дамытып, олармен ынтымақтасуға ерекше маңыз береді, бұл біздің сыртқы саясатымыздың басым бағдарының бірі. Қазақстан үшін түркітілдес мемлекеттермен ынтымақтасуға дамыту маңызды бағыт болып табылады. Осы бағытта түркітілдес мемлекеттермен қарым-қатынас қазірдің өзінде қалыптасқан халықаралық бірлестіктер аясында жалғасатын болады. Қазақстанның сыртқы саясатында түркі әлемі халықтарының рухани мұрасын біріктіру және қайта құру мәселесіне елеулі мән берілуде. Осы бағытта Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында-ақ қолға алынған үлкен бастама – ТҮРКСОЙ ұйымын құру болды.

ТҮРКСОЙ – түркі халықтарының ортақ материалдық және мәдени ескерткіштерін сақтау, дамыту және болашақ ұрпаққа жеткізу мақсатын көздейтін халықаралық ұйым.

ТҮРКСОЙ – түркі халықтарының өнері мен мәдениетін дамытуға ықпал жасайтын халықаралық ұйым. Бұл ұйым мемлекетаралық мәдени байланыстарды ұйымдастыруға және нығайтуға бағытталған.

1993 жылы 12 шілдеде Алматыда Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркия, Түркіменстан мемлекеттерінің Мәдениет министрлерінің кездесуіндегі өзара келісім-шарт негізінде құрылды. Кейіннен бұл келісім-шартқа Татарстан, Башқұртстан және Солтүстік Кипр Түрік мемлекеттері қосылды.

Түркі тектес халықтардың 14 елі мүше болған халықаралық ТҮРКСОЙ ұйымының орталығы – Түркия Республикасының астанасы Анкара қаласында орналасқан.

Түркі халықтары өнері мен мәдениетін дамытуға ықпал жасайтын ынтымақтасушылықтың ресми тілі – түркі тілі.

МЫҢЖЫЛДЫҚ ӨРКЕНИЕТТІН ҚАРАШАҢЫРАҒЫ

Тарихи деректерге сәйкес Орталық Азия, оның ішінде бүгінгі Қазақстан аумағы тұтас түркі әлемінің қарашаңырағы саналады. Сондықтан еліміздің түркі елдерінің мәдени, рухани, экономикалық және саяси ықпалдастығын қалыптастыруға бағытталған бастамалары мен нақты қадамдары өзге бауырлас мемлекеттер тарапынан қызу қолдауға ие болуда. 2022 жылғы 11 қарашада Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев Өзбекстан Республикасы Самарканд қаласында өткен Түркі мемлекеттері ұйымының саммитінде сөйлеген сөзінде 2023 жылы түркі дүниесінің ЮНЕСКО-сы саналатын ТҮРКСОЙ-дың құрылғанына 30 жыл толатынын еске салып, бұл мерейлі оқиғаны жоғары деңгейде атап өтуге шақырды.

Алматыда халықаралық ұйымның 30 жылдығын, осы атаулы оқиғаны мерекелеу шаралары маусым айында басталып та кетті. Ұйымға қатысушы елдер министрлерінің кездесуі болды. Абай атындағы мемлекеттік академиялық опера және балет театрында салтанатты концерт өтті. Концерттік бағдарлама аясында сахнада Қазақстан мен басқа да ТҮРКСОЙ елдерінің артистері өнер көрсетті. Сондай-ақ, түркі елдерінің ұлттық киімдерінің тақырыптық фотожурналы, ал театр алуасында қазақстандық колөнершілердің көрмесі көрсетілді.



ҚР Орталық мемлекеттік музейінде «Мыңжылдық өркениет тарихы» көрмесі ұйымдастырылды. Келушілердің назарына әйгілі «Алтын адам» және жүзден астам көне жәдігер ұсынылды. Ә.Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінде «Біз біргеміз» атты көрме ашылды. Онда музей қорынан отандық суретшілердің 40 туындысы, сондай-ақ Түркістаннан әкелінген 30 сурет ұсынылды. Ал ҚР Ұлттық кітапханасында «Түркі әлемінің бірлігі» атты кітап көрмесі басталды. Онда кітапхана қорынан сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар, сондай-ақ түркілер тарихы бойынша кітап материалдары, құжаттар қойылды.

• Қазіргі кезде Түркі әлеміне 200 миллионға жуық халық бар, 40-тан астам елдер кіреді. Солардың ішінде алты елдің тәуелсіз мемлекеті бар, олар: Түркия, Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Түркіменстан және Өзбекстан. Ресей Федерациясының құрамында бірнеше түркі ұлттық бөлімшелері бар, олар: Башқұртстан, Татарстан, Чувашия, Хакасия, Тыва, Якутия (Саха), Алтай Республикасы, Қабарда-Балқария, Қарашай-Шеркесия. Молдовадағы Ғагауыздар және т.б. Түркілер адамзат тарихы мен мәдениетіне айрықша үлес қосты, әлемдік сәулет өнері мен ғылымда өшпес із қалдырды.

Арғы тарихтың бедерінде күллі әлемге із қалдырған түркі дүниесінің бүгінгі күні де дүниежүзілік өркениетте ерекше орны бар екені белгілі. Жалауын жоғары ұстап, намысын ешкімге таптаппаған ежелгі түркі халықтарының қазіргі ұрпақтары бір-бірімен рухани туыстық қарым-қатынасты жақсы жолға қойған. Түп негізі бір, тілегі ортақ, түркі жұртын тек бір-бірін қиналмай ұғысатын тіл ғана жақындастырып қоймайды, олардың етене араласуына бастау-негізі тамырлас өнердің де ықпалы аз болмайды. Түркі өнері – түркілік рухты қозғайтын айрықша құбылыс.

ҰЙЫМНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

ТҮРКСОЙ-дың негізгі мақсаты – түркі мәдениеті және өнерін зерттеу және оны әлемдік деңгейде насихаттау. Ұйым шеңберінде түркі тілдес мемлекеттердің мәдениетін әлемге танытуда көптеген шаралар жүзеге асырылды. Қазақ жазушылары мен акындарының танымал шығармалары түркі тілдеріне

Сіз білесіз бе?

Түркілер тарихы біздің заманымызға дейінгі 3-4 мың жыл бұрын басталады. Еуразия құрлығын тұтас алып жатқан түркі жұртының мыңдаған жыл ішінде әлемдік өркениеттің дамуына қосқан үлесі аз емес. Мысалы, байырғы түркілер алғаш болып далалық империя құрды, түркі қағандықтары мен мемлекеттері соғыс өнері мен урбанистикалық мәдениетті жүйелді. Далалық мәдениетке тән көшпелі шаруашылық негізін қалап, төл жазуын қалыптастырды.

аударылды. Өнер күндері жыл сайын өткізілетін дәстүрге айналды.

• ТҮРКСОЙ саясаттан тыс халықаралық ұйым ретінде ынтымақтастықтың барлық мүшелеріне мемлекеттерінің саяси бағдар өзгешелігіне қарамастан мәдени байланыс саласында тең құқықты қамтамасыз етеді.

• ТҮРКСОЙ өзінің қызметі, мақсаты мен міндеті, жұмыс істеу принциптері жағынан ЮНЕСКО құрылымына жақын.

• Негізгі мақсаты: түркі тілдес мемлекеттердің және халықтар мен қауымдардың мәдениет пен өнер саласындағы мәдениетін дамыту, түркі әлемінің мәдени құндылықтарын тану, зерттеу, сақтау және толықтыру, оларды әлемдік кеңістікте насихаттау; тарихи, саяси және географиялық жағдай салдарынан әлсіреген байланысты дамыту; ортақ мәдени кеңістік қалыптастыру; түркі әлемінің ортақ мәдени құндылықтарын, тарихи, мәдени және архитектуралық ескерткіштерін анықтау және жүйелеу, оларды сақтау шараларын қарастыру; түркі халықтарының ұлттық мәдениеттерінің дамуына ықпал ету, олардың тума, табиғи ерекшеліктерін сақтау; түбі бір түркі тілдерін жақындастыру; тұтас тілдік орта қалыптастыру, ортақ әліпби жасау, латын графикасына көшу мәселелерін қолға алу; гуманитарлық салада әлемдік интеграциялық процестерді ескере отырып, түркі тілдері мен мәдениетінің қуат-күшін жасөспірімдерге тәрбие беру ісінде көрсету; түркі тілдес мемлекеттердің мәдениеті мен өнері жөнінде халықаралық ақпарат орталығын құру, т.б.

АТҚАРЫЛҒАН ІС-ШАРАЛАР АУҚЫМДЫ

ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымы құрылғаннан бері көптеген ғылыми-мәдени, т.б. жұмыстар жүргізілді. Түркі тілдес елдердің жазушылары Анкарада 1-халықаралық конференция өткізді (1993). 1994 жылы Анкара қаласында М.Физулидің туғанына 500 жыл толуы мерекеленді. Түркі тілді мемлекеттердің халықтық-қолданбалы өнерінің халықаралық көрмесі Қазақстанда (1994) ұйымдастырылды. 1994–1996 жылдары Солтүстік Кипрде ТҮРКСОЙ-ға мүше елдер өншілерінің қатысуымен опера күндері, 1993-1994 жылы Ашхабатта дәстүрлі және халық музыкасының халықаралық фестивалі өтті. 1994-1995 жылы Анкара қаласында барлық түркі халықтарына ортақ Наурыз мерекесі бірге тойланды. Әлемге әйгілі «Манас» эпосының 1000 жылдығы, Абайдың 150 жылдығы мерекеленді. Ғылыми конференциялар, кездесулер ұйымдастырылды. Анкара қаласында 1995 жылы 23–30 қазан аралығында түркі тілдес елдердің фольклорлық өнерінің халықаралық 1-фестивалі өтіп, ал 1996 жыл-

дың 15–19 ақпанында ТҮРКСОЙ Париж қаласында өткен «Эксполанг–96» халықаралық көрмесіне қатысты. 2000 жылдың 14 шілдесінде Уфа қаласында ТҮРКСОЙДЫҢ кезекті мәжілісі өтті. ТҮРКСОЙ тұтас түркі дүниесіне ортақ көптеген ғылыми-мәдени жұмыстар жүргізуде. Соның бір қыры, түркі халықтарына ортақ рухани байлықтарды жариялау. ТҮРКСОЙ «Манас» эпосын (қырғыз, түрік тілдерінде), Абай шығармаларын (қазақ, түрік тілдерінде), «Алтайдан Пунаға дейінгі түрік мотивінің бірлігі» кітабын, «Түрікмен поэзиясының антологиясын», «Башқұрт халық эпосын», «Орал батырды», «Башқұрт-түрік сөздігін», «Түркі елдерінің архитектуралық ескерткіштері» кітабын, татардың халық эпосы «Едігені» басып шығарды. «Қорқыт Ата» энциклопедиясы, т.б. көптеген еңбектер ТҮРКСОЙ бағдарламасы бойынша дайындалды. ТҮРКСОЙ «Түркі әлемі» атты безендірілген журналды Түркия Республикасы Мәдениет министрлігімен бірлесіп үш айда бір рет шығарып тұрады.

ТҮРКІ ДҮНИЕСІНІҢ ЮНЕСКОСЫ

Түркі әлемінің мәдениеті мен тарихына баса назар аударылады. Бұл ретте ТҮРКСОЙ жыл сайын түркі тілдес елдердің арасындағы атақты ғұламалардың жылын жариялауды дәстүрге енгізіп отыр. Мәселен, «2010 жыл – башқұрт халқының белгілі ұлы Ахмет Заки Валиди Тоган» жылы деп жарияланды. Ал 2011 жыл татар ақыны Ғабдолла Тоқай жылы. 2012 жыл хакас халқының түрколог ғалымы Н.Ф.Қатановтың 150 жылдығына орай, «Қатанов жылы» деп жарияланды. Айта кетейік, ТҮРКСОЙ 2011 жылы қазақтың арда ақындарының бірі Қасым Аманжоловтың 100 жылдығын да атап өтті. «Қарағандыда өткен тойда ТҮРКСОЙ тарапынан Қырғызстан, Өзбекстан, Башқұртстан, Түркия, Әзербайжан, Иран және Татарстаннан ақындар келді. Олар Қасымның жырларын өз тілдеріне аударып әкелді. Осылайша Қасым өлеңдері осы жылы-ақ 6-7 түркі тілінде сөйледі. Ыстамбұл мен Анкарада Қасым Аманжоловтың шығармасына арналған кеш өткізілді. Ал 2011 жылы 2–15 қыркүйекте Түркияның Ялове қаласында Қасым шығармаларын түркі тілдес елдер тілдеріне аудару мәселесіне арналған халықаралық симпозиум өткізілді.

• 2012 жылы ТҮРКСОЙ-ға мүше 14 елдің арасында Қазақстан елордасы ең бірінші болып мәдени астана ретінде жарияланды. «Астана – түркі әлемінің мәдени астанасы» жылы аясында елордада 30-ға жуық шара өткізілді. Нақтырақ айтсақ, олар: «Жаңа мыңжылдықтағы жаңа астана» тақырыбымен фотосуретшілердің халықаралық кездесуі, мүсіншілердің бесінші кездесуі, Қазақстандағы Әзербайжан күндері, фольклорлық би топтарының фестивалі, «Астана төңірегіндегі мыңжылдық» көшпелі өркениет фестивалі. Бұл шаралардың барлығы түбі бір тамырлас елдермен арадағы рухани байланысты одан әрі нығайтуға кең серпін берді.

ТҮРКСОЙ ұйымының бас хатшылығында 1993 жылдан 2008 жылға дейін Әзербайжан Республикасының көрнекті қоғам және мәдениет қайраткері Полад Бюльбюль оглы болса, 2008 жылдан 2022 жылға дейін бас хатшы міндетін Қазақстанның көрнекті мәдениет және қоғам қайраткері Дүйсен Қасейінов атқарды, ал 2022 жылдан бастап Қырғыз елінің белгілі мәдениет қайраткері Сұлтан Раев ТҮРКСОЙ бас хатшысы лауазымын ресми түрде қабылдады.

Қорыта келгенде, ұйым ішіндегі мемлекеттердің бірлігі мен ынтымақтастығы өте құнды. Мәдени іс-шаралар түркі әлемін ұлы істерге шабыттандырады. Ең бастысы – түркі мәдениетін болашақ ұрпаққа жеткізу. Қазақстан ТҮРКСОЙ-дың белсенді қатысушысы. Өткен жылдар ішінде біз бауырлас халықтармен мәдени және рухани байланыстарды нығайттық, ауқымды жобаларды жүзеге асырдық, тәжірибе және білім алмастық. Бұл үдерістердің басталуы Қазақстанда қаланғаны біз үшін ерекше маңызды.

Ізгілік пен игілікке құрылған ТҮРКСОЙ ұйымының түрік бірлігінде сіңіріп отырған еңбегі орасан зор. ТҮРКСОЙ түркі дүниесінің ЮНЕСКО-сы деп бүгін толық сеніммен айта аламыз. Өйткені, бұл – халықаралық деңгейде әбден қалыптасқан ұйым.

Сабырхан СМАҒҰЛОВ,
Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті
Қазақстан тарихы
кафедрасының оқытушысы.





БАЙЫПТАМА

27 маусымда Францияның Нантер қаласында наразылық оты тұтанды. Оған 17 жасар Наэль есімді жасөспірімнің өлімі себеп болды. Оның көлігін полиция қызметкерлері заңды бұзғаны үшін тоқтатады. Сол жерде жасөспірім мен полиция арасында дау болып, жас жігіт оққа ұшқан. Осы оқиғадан кейін Францияның көп қаласында жастар наразылыққа шықты.

Бұл оқиғаларды елдегі «сары жилеттілер» қозғалысынан кейінгі көлемді наразылық деуге болады. Ресми мәліметке сәйкес 5 күн ішінде елде 700 ден астам наразылар ұсталған.

Наразылық акциялары стихиялы түрде Париждің айналасындағы қалаларда басталды. Себебі, оқиға Париждің төңірегіндегі Нантерде орын алған. Наразылар құқық қорғау органдары қызметкерлеріне отшашу құралдарын, тас пен бөтелкелерді лақтырған. Осы әрекеттерден қоқыс жәшіктері мен автомобильдер өртке оранған. Бұдан кейін жағдай ушықты. Францияның өзге де қалаларында наразылық өрті тұтанды. Полицияның қолынан қаза тапқан жасөспірімді қолдап Лион, Марсель, Гренобль қалаларында жастар наразылыққа шықты. Көшеге шыққан жастар полицияның автомобильдерін жаға бастады. Соның нәтижесінде офистер мен дүкендер қиратылды.

Ал 29 маусымда Парижде наразыларды қолдап «Ақ марш» өтті. Олар ақ футболка кигендіктен Ақ марш деп аталды. Азаматтық акцияға шыққандар соттан әділдікті талап етті. Акция басында бейбіт басталғанымен, аяғы тәртіпсіздікке ұласты. Сондықтан полиция қарсы әрекет етуіне тура келді. Акцияға 6000-нан астам адам қатысып, басым бөлігін жастар құрады. ТАСС агенттігінің оқиға орнындағы тілшісі олардың футболкаларында араб ұлттық киімінің элементтері болғанын айтты.

Билік кімді кінәлап отыр?

Билік 2018 жылы «сары жилеттілер» қозғалысында Facebook-ті айыптаған. Биыл да Э.Макрон жастардың акциясына әлеуметтік желі кінәлі деп отыр. Бірақ бұл жолғы айыпталушылар TikTok пен Snapchat. «Сары жилеттілер» қозғалысы мен жастардың наразылығы арасында ұқсас тұстары бар. Екеуінде де наразылар әлеуметтік желі арқылы байланыс орнатты. Осылайша бір жұдырық болып, өздерінің іс-әрекеттерін үйлестірді.

Facebook арқылы «Сары жилеттілер» қозғалысы бірікті. Жастардың наразылығынан айырмашылығы мұнда қозғалыс мүшелері бір идея төңірегінде топтасты. Жастардың наразылығының өршуіне видео контент әсер етті. TikTok пен Snapchat желілерінде полицияның жасөспірімге оқ атқан видеосы тараған.

САРАПТАМА

ИРАННЫҢ ҚАДАМЫ:

ШЫҰ ҚАЙДА БЕТ АЛДЫ?

Соңғы уақытта Иран белсенді дипломатиялық жүрістерді жүрді. Мысалы, Сауд Арабиясымен дипломатияны қалпына келтіре бастады. Латын Америкасындағы елдермен сауда-экономикалық байланыстарын күшейтті. Ядролық бағдарлама бойынша жанама-лай болса да келісім алаңында ілгерілеуге қол жеткізді. Енді міне, барған сайын кеңейіп келе жатқан ШЫҰ-на да ресми мүше болғалы тұр. Бұның бәрін Тегеран (Тегеран) не үшін жасап жатқаны белгілі, санкциядан қалжыраған экономикасын оңдап, елді дипломатиялық оқшауланудан алып шыққысы келеді.

Жалпы жағынан қарағанда, Тегеранның бұл құлшынысы нәтижесіз емес. Аймақтағы өзінің басты қарсыласы саналатын Сауд Арабиясымен ортада дипломатиялық сұрлеуге қайта із түсті. Бұны Орта Шығыстың геосаяси атмосферасын өзгертетін оқиға деуге де болады. Екі мүсылман елінің ортасына Қытайдың араағайындық етуі де көңіл бөлетін түйін. Ал таяуда ИИР президенті мен Сыртқы істер министрі Латын Америкасындағы бірқатар елге сапарлай барды. Онда да құр қайтпады, мұнай-газдан тартып, өзге де өнімдеріне жаңа нарық, кең өріс ашып қайтты.

Иранның қазіргі жоғары көшбасшысы Али Хаменеи «Шығысқа бетбұру» саясатын ортаға қойған. Бұл батыстық қысым астында Иранның баламалы сыртқы саясатының негізгі бағыты қатарында танылған. ШЫҰ-ға мүше болу да осы саясатқа орай жүзеге асты. Бұл қазіргі Тегеран билігі үшін мейлінше пайдалы болары анық. Себебі, бұл елдің халықаралық беделін арттыруға өз септігін тигізеді, тиісінше дипломатиялық оқшауланудан сақтап қалмақ. Шетелдік, әсіресе, америкалық сарапшылар осы жағына көбірек назар аударып жатқаны бекер емес. АҚШ, Ұлыбритания қатарлы елдер ұзақ уақыттан бері Иранның аймақтағы амбициясын бар мүмкіндігін сала отырып тежегені белгілі. Сауд Арабиясын жақын серіктес ретінде тарта отырып, Парсы шығанағында, Таяу Шығыста, тұтас Орта Шығыс аймағындағы Иранның

Осы аптада Иран Шанхай ынтымақтастық ұйымына ресми мүше болғалы отыр. Бұл Қазақстанды қамтыған аталмыш ұйымның ауқымы барған сайын кеңі түскенін көрсетеді. Енді бір жағынан Иран Ислам Республикасының белсенді дипломатиялық жүрістерінің жаңа нәтижесі ретінде де бағаланады. Мұның өзі тиісінше кейбір дәстүрлі сурақтарды қайта өзектендіре түссе, оған қоса жаңа мәселелерді де ортаға салады. Айталық, тежеуге ұшыраған Иранның аймаққа жасайтын ықпалы қайта күшейе ме? Не болмаса, ШЫҰ-ның сыр-сипаты қай бағытқа кетіп барады? Міне, бұлар Иранның Орта Азияға тарихи ықпалдастығын ескере отырып, қаперге алатын сурақтар.

ықпал күшінің кеңеюін тежеп ұстады. Бұл «Шығанақ соғысынан» кейінгі аймақтың геосаяси бет-бейнесін қалыптастырған стратегиялық жүріс болды.

Жасыраны жоқ, жаһанның қазіргі жағдайы Иранға өзіндік мүмкіндіктерін беріп, қысымдармен бірге шығар жолдарды да көрсеткендей болды. Айталық, Украинадағы соғыс Иранның маңызы мен орнын қайта еске салды. Мәскеу мен Тегеран қарым-қатынасының тұрақты жалғасуы Батыс елдері үшін үлкен кедергі болатынын ескерткендей еді. Бұған қоса, Қытай мен Батыс елдері арасындағы қайшылықтың барған сайын күшеюі де Иран үшін өз орайын ұсынып жатқандай. Неге десеңіз, Иран үшін батыс бағыттағы жол түбегейлі жабық болып келді. АҚШ және оның одақтастары Иранның аймақтағы амбициясына үнсіз қарап отыра алмайтын болса, Иран да батыстық құндылықты, ережелерді қабылдағысы келмеді. Асқынған қайшылық пен қарсылық қатаң санкцияларға, дипломатиялық оқшаулауға алып келген болатын. Державалар арасындағы бәсеке, ендігі жерде, Иранға белгілі деңгейде мүдделес елдерді, қолайлы саяси үйектерді қалыптастырды. Қазіргі таңда ИИР билігі бұл топтардың мүмкіндіктерін өз мүддесіне оңды пайдалануға барынша тырысып жатыр.

Айта кетейік, Шанхай ынтымақтастық ұйымы бастауын 1996 жылы бас қосқан «Шанхай бестігінен» (Қазақстан, Қытай, Ресей, Қырғызстан және Тәжікстан) алады.

2001 жылы Өзбекстанды қатарына қосып, ынтымақтастық ұйым болып құрылды. Әуелде ұйым Орталық Азиядағы лаңкестік әрекеттердің, сепаратизм мен экстремизмнің мәселелерін шешуге бағытталды. Кейін Өзбекстан мүшеліктен шықты, алайда ұйым кеңейе берді. 2017 жылы құрамына Үндістан мен Пәкістан қосылып, ядролық державалар жиналған ұйымға айналған еді.

ШЫҰ-ға мүше болу Иранға тікелей қандай мүмкіндіктер беруі мүмкін? Ең алдымен, ел экономикасына деген санкция зардабын жеңілдетуге көмек болуы мүмкін. Себебі, санкциядан әбден тұралаған елге экономикасындағы Батыстың ықпалын алмастыратын жаңа елдер керек. Ондай елдер ШЫҰ-да жеткілікті. Бұл ұйымның көмегімен Иран аймақтық державалармен экономикалық қатынасын дұрыс жолға қойғысы келеді. Айталық, Түркия мен Сауд Арабиясы секілді аймақтық державалар аталған ұйымға кіруге күш салып келеді. Бұған қарағанда, Иран алдағы уақытта БРИКС елдерінің қатарына қосылуға да әрекет етуі мүмкін.

Дегенмен, осыған дейін біз Шанхай ынтымақтастық ұйымы ішінде де күрделі проблемалардың бар екенін айтып келген едік. Ұйымның шамадан тыс кеңеюінің өзі – ең негізгі проблема. Әлем халқының жартысына жуығын қамтитын елдер бір ұйымда өзара тиімді әрекет ете ала ма? Бұған әлі жауап жоқ. Оның үстіне, ұйым мүшелері ортасында шешім таппаған салмақты қайшылықтар бар.



Ал полиция болса ресми мәлідемесінде жасөспірім талапқа бағынбағандықтан оқ атылды деген. TikTok пен Snapchat-та тараған видео полицияның жағымсыз образын қалыптастырды. Алайда, наразылыққа шығуға үндеулер өзге әлеуметтік желілерде тараған. Биліктің сөзінше WhatsApp пен Telegram арқылы үндеулер тарап, жастар бір-бірімен байланыс орнатқан. Полиция да ақпараттық тұрғыдан өзін қорғап бағуда. Еуропа 1 француздық басылым жасөспірімге қатысты полициядан инсайд ақпарат таратты. Ол ақпаратқа сәйкес, Наэль осыған дейін де полицияға мойынсұнбаған. 2021 жылдан бері 15 рет құқық бұзған.

Әлеужеліде шекара жоқ

Францияда болған толқулар көрші елдерге де ұласты. Бельгия мен Швейцарияда жастар француздарды қолдап наразылыққа шықты. Оған ортақ ақпараттық кеңістік әсер етті. Соған қарағанда, видеоны тек Франция жастары емес, көрші елдердің азаматтары да көрген болу керек. 30 маусымға қараған түні Брюссельде наразылық акциялары өтті. Мұнда да жастар

қоғамдық тәртіпті бұзуға әрекет жасаған. Бірақ Франциядағы секілді жаппай наразылық болмады. Ал 1 шілдеде Швейцарияның Лозанна қаласында толқу өтті. Онда 100-ден аса демонстранттар қатысты. Олар Франциядағы наразыларды қолдаған. Қоғамдық тәртіп бұзылып жеке бизнеске кері әсер еткен. Полицияның сөзінше бірнеше дүкеннің есіктері сынған.

Иммигранттар Францияның бас ауруына айналды

Кез келген дау елдегі жасырын мәселелерді жарыққа шығарады. Жастардың толқуы Франция қоғамындағы жылдар бойы жиналған әлеуметтік дағдарыстың бетін ашты. Ондағы дағдарысты Самуэль Хантингтон болжағандай өркениеттер қақтығысы десек, артық етпес. Жастардың араб ұлттық нақышындағы киімдерді киюі мен олардың полицияның расизммен айыптауы ойымызға дәлел.

Францияға Африка құрлығынан мигранттар өткен ғасырдың екінші жартысынан бастап көптеп келе бастаған. Олардың басым көпшілігі солтүстік африка елдерінен. 2021 жылғы Ұлттық статистикалық институттың мәліметінше, елдегі иммигранттардың 50%-ға жуығы Африка құрлығынан. Олардың 13%-ы алжирліктер.

Жастардың толқуына тек әлеуметтік желілер әсер етті дей алмаймыз. Олардың отқа май құйғаны рас. Алайда, ішкі наразылық бүгін пайда болған жоқ. Жалпақ тілмен айтқанда, иммигранттар барған жеріне тастай батып, судай сіңе алмай отыр. Себебі, Францияның өзіне тән саяси-құқықтық мәдениеті қалыптасқан. Елге мигранттардың келу процесі бүгін әлде ертең тоқтамайды.

Францияның Ішкі істер министрлігінің мәліметінше 2022 жылы өткен жылмен салыстырғанда азаматтық алуға өтініштер саны күрт өскен. Биылғы жастардың толқуы басқа да әлеуметтік дағдарысқа ұласуы мүмкін.

Пердехан ШАМШИЕВ,
сарапшы.



Шындап келгенде, осы ұйым төңірегінде өте ауқымды ойындар жүріп жатыр. Жағдайдың даму бағытына қарағанда, алдағы болашағын былай деп болжауға болады: Бейжің мен Мәскеу Иранның кейін Сауд Арабиясын, тіпті Түркияның ұйымға қабылдауға жасыл шырақ жағады. Оның себебі, бұл қадам Ресей мен Қытайға АҚШ және Еуропаға қарсы қуатын нығайта түседі. АҚШ-та бұған бей-жай қарамасы анық. Онсыз да Үндістан мен Пәкістанның, тіпті Иранның ұйымға кіруіне селкостық танытуы үлкен өкініш. Ендігі жерде Сауд Арабиясы мен Түркияның ұйымға мүше болуына өзіндік тосқауылдарын, қарсы шараларын жасауы мүмкін.

Орта Азия елдері мен Иранның өзара терең ықпалдастығы мыңжылдықтарға жалғасып келген. Соңғы дәуірде Иран Ислам Республикасы өзінің Батыспен болған қайшылығынан дипломатиялық оқшаулануға түсті. Ұзақ мерзімдік және пәрменді санкциялар әсерінен ел экономикасы да серпінді дамуға жете алмады. Соған қарамастан, Тегеран (Тегеран) Орта Таяу Шығыстағы өзінің ықпал күшін барынша сақтап келеді. Егер ШЫҰ арқылы бұл кедергілерді айналып өтуге жол тапса, алдағы болашақта Иранның өзіне шекаралас елдер мен аймаққа ықпалы қарқынды түрде артады. Еліміздің және аймақтың болашағы тұрғысынан бұл да көзқарасты қоғам өкілдерінің назарында болуға тиіс. Әрі қазірден бастап тереңдете қазып, зерттеуге тиісті салмақты мәселе.

Бұл материалдың сарапшылар пікірі қосылған толық нұсқасын сайттан оқи аласыздар.



Естай БОЖАН,
сарапшы.



МАМАН КЕҢЕСІ

Синоптиктердің биылғы жаздағы ауа райы құбылмалы болады дегеніне қарамастан, оңтүстік өңірлердегі аптап ыстықтың беті әдеттегідей қатты. Алматыдағы орталық клиникалық аурухананың жалпы тәжірибелік дәрігерлер бөлімінің меңгерушісі Арина Кирдякина денсаулығы әлсіз адамдарға аптап кезінде қандай ережелерді ұстану керектігін айтты.

АПТАП ЫСТЫҚ
кезінде қандай ережелерге
бағынған дұрыс?

— Күн қатты ысығанда, тіпті дені сау адамның да демі тарылып, жүрегі қаға бастайды. Ауа жетпей, басы айналып, кеудесі қысылуы мүмкін. Өйткені, ыстық жаз әсіресе, жүрекке ауыр тиеді. Жүрек-қан тамырлары ауруы бар адамдар осы мезгілде аса әлсіз келеді. Дегенмен, дені сау жандар да абай болғаны жөн, — дейді дәрігер. Осы орайда терапевт-дәрігердің кеңестеріне назар аударайық:

• Сағат 12.00. мен 16.00. арасында далаға шықпауға тырысыңыз. Ал сыртта жүруге мәжбүр болсаңыз, көлеңке тасалап, ара-тұра сәкіге отырып демалыңыз.

• Түсі ашық, ыстықтатпайтын, терлетпейтін киім киіп жүріңіз. Жағасы, белі қысатын киімнен бас тартыңыз.

• Ет пен мал майын азырақ жеуге тырысыңыз. Сүт пен көкөністен жасалған тағамдарды тұтынған жөн. Рационыңызда ақжелкен, кинза, аскөкті молайтыңыз. Қатты тойып тамақ жеменіз. Тұзды азайтыңыз.

• Көбірек су ішіңіз. Бірақ газдалған және квасты емес, олар ағзаға пайда әкелмейді. Ең жақсысы — таза су, морс, көк шай. Сонымен қатар, жебіршөп, жалбыз, мелиссаны қайнатып, тұндырып, лимон мен мұз кесектерін қосып ішу денсаулыққа пайдалы. Ал құрамында аз болса да алкогольі бар сыра, коктейль, шарап ағзаның сусыздануына әкелетінін естен шығармаңыз.

• Жағажайда болғанда суға сүнгіп кетуге асықпаңыз. Суға бірден күмп бергенде дене температурасының күрт өзгеруіне жүрек шыдамай кетіп, талып қалуы ықтимал. Мұндай жағдай тіпті жас, сау адамда да болуы мүмкін.

• Күні бойы көшеде жүргенде бүріккішпен су себініп отыруға болады. Оның ішіне жылы су құйып алыңыз, салқын суға қарағанда теріге сол пайдалырақ.



МӘСЕЛЕ

ЕСІРТКІГЕ ЕСІН БЕРГЕН
науқастардың саны ресми көрсеткіштен
анағұрлым көп

Кеше Үкімет Нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі кешенді жоспарды бекітті. Аталған құжат нашақорлықпен және есірткі бизнесімен тиімді күресу үшін қажетті бірінші кезектегі іс-шараларды ескере отырып, қазіргі нашақорлыққа қатысты ахуалды талдау негізінде әзірленді.

Елімізде соңғы бес жылда есірткіге тәуелді науқастардың саны кеміген. Есесіне, психобелсенді синтетикалық есірткі заттарына құмар тұтынушылардың саны артқан. Алматыда орналасқан Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығының бас директоры Қуаныш Алтынбеков нашақорлықтың шырмауында жүрген науқастардың саны ресми статистикалық көрсеткіштен анағұрлым көп дейді.

— Статистика бойынша айтар болсақ, кейінгі бес жылда есірткіге тәуелді науқастардың саны азайды. Бытыр есірткі тұтынған 17 085 пациент динамикалық бақылауда болған. Ал биыл маусымға дейін 18 328 науқас динамикалық бақылауда алынған. Өкінішке қарай, жаңа психобелсенді синтетикалық заттарға әуес науқастардың саны күрт көбейген. Мысалы, 2018 жылы елімізде синтетикалық есірткі заттарын тұтынған 147 тұрғын динамикалық бақылауда ілінген екен. Қазір олардың саны 731-ге жетті. Сонымен бірге, ресми статистикалық көрсеткіш динамикалық

бақылауда алынып, психиатр, наркологтардың көмегіне жүгінген науқастардың саны бойынша әзірленеді. Ал шынайы статистикалық дерек бойынша мәлімет мүлдем басқаша. Себебі, тәуелді адамдардың басым бөлігі медициналық көмекке өз бетінше жүгінбейді. Біз 2018 жылдан бері екі жыл сайын түрлі есірткі заттарының таралуы бойынша эпидемиологиялық зерттеу жүргіземіз. Келесі жылы тағы зерттеу өткіземіз деп жоспарлап отырмыз, — дейді Қуаныш Алтынбеков.

Қазақстанда алғашқы психикалық көмек көрсету қызметі 76 емханада және аудандық ауруханаларда 212 психологтар кабинеті жұмыс істейді. Сонымен бірге, 2016 жылы Қазақстанда жылына 30 психиатр, нарколог маманы оқыған болса, қазіргі таңда білім грантын иеленген 152 резидент жоғары оқу орындарында білім алып жатыр. Кейінгі жеті жылда психолог, нарколог мамандардың саны 15–20%-ға көбейген.

Дәрігер сөзіне сүйенсек, бұрын



психиатриялық орталық бөлек, наркологиялық орталық өз алдына жеке жұмыс істеді. Ал 2017 жылы олар осы қызметті жаппай қайта құру іс-шарасын бастады. Алдымен Республикалық орталықтар бірікті. Әрі қарай бұл үдеріс аймақтарда жалғасты. Бұрын 47 орталық болған. Олар атауынан ат үркетіндей «наркодиспансер, нарко-аурухана, психаурухана» деп аталды. Оңтайландыру нәтижесінде барлық облыс орталықтарында 20 психикалық денсаулық орталығы ашылды. Әр орталық психикалық денсаулық саласы бойынша көмек көрсету қызметіне жетекшілік етеді. 2017 жылы қалалық емханаларда алғашқы психикалық көмек көрсететін орталықтарды ұйымдастырдық.

Мақсат — тұрғындарға психикалық денсаулық саласы бойынша қызметтің қолжетімділігін арттыру. Психиатриялық ауруханалар қала іргесінде орналасқан. Көмекке мұқтаж жандарға жету мұң еді. Қазір бұл саланы оңтайландыру нәтижесінде көп ілгерілеушілік байқалады.

ПРОФИЛАКТИКА

ЕКПЕ НЕ ҮШІН КЕРЕК?

Алматылық мамандар жоспарлы профилактикалық вакциналардың оң нәтижелері туралы айтты

Вакцина — барлық аурудың алдын алады. Сондықтан оған бей-жай қарамаған дұрыс дейді мамандар. Екпе, әсіресе, сәбилер үшін маңызды. Бала — біздің болашақ. Қазақстан Республикасының Ұлттық егу күнтізбесіне сәйкес балаларға жоспарлы профилактикалық екпелер тегін салынады.

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте балалар инфекционист-дәрігері, профессор Раушан Ыдырысова мектеп жасына дейінгі балаларды иммундаудың маңыздылығы және уақытылы вакцина алу балаларды ауыр кеселдерден қорғай алатыны туралы айтты. Спикердің сөзіне сүйенсек, Ұлттық егу күнтізбесіндегі міндеттерді орындау біздің елімізде жұқпалы ауруларды айтарлықтай төмен деңгейде ұстауға мүмкіндік береді. Яғни балалардағы жұқпалы ауруларды басқаруға, дер кезінде ауыздықтауға болады деген сөз.

Сарапшы вакциналау кестесіне сәйкес екі жастан бес жасқа дейінгі балаларда дифтерияға, сіреспеге, көкжөтелге, В типті гемофильді таяқшаға, В гепатитіне, полиомиелитке (вакцинацияның толық аяқталған курсы және 1 ревакциналау) толық вакциналау болуы қажет екенін атап өтті. Сонымен қатар, инфекцияның, менингиттің және ауыр пневмонияның ең ауыр, инвазивті түрлерін тудыратын пневмококктың 13 штаммына қарсы 13 валентті пневмококкқа қарсы вакцинаның 3 дозасы қажет. Сондай-ақ, тірі вакциналардың 1 дозасы — қызылша, қызамық және паротитке. 6 жасқа қарай бұл вакци-



наларға бустриктің 1 дозасы (көкжөтел, дифтерия және сіреспе, жергілікті деңгейде А вирустық гепатитіне қарсы вакциналау), сондай-ақ, қызылша-қызамық пен паротитке қарсы 2 доза (ревакциналау) қосылады.

Егер алты-жеті жастағы балада жасына қажетті вакциналау болмаса, онда қуып жететін вакциналау принципін қолдану керек дейді инфекционист-маман.

«Қызылшаға, қызамыққа және паротитке қарсы кем дегенде бір вакцина алу керек. Сондай-ақ, вакцинаның минималды 2 еселенген гексавакцинасын (дифтерия, сіреспе, көкжөтел, В типті гемофильді таяқша, В гепатиті, полиомиелит) және пневмо вакцина алу қажет. Ондай жағдайда бустриктің бір жылдан кейін кейінге қалдыруға болады», — дейді Р.Ыдырысова.

Ал С.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ Неврология кафедрасының профессоры, медицина ғылымының докторы Жанат Ыдырысова балаларына екпе салдырғысы

келетін ата-аналарға вакцинаны сәбиге екі ай толғаннан соң алу керектігін айтты. Бұл жағдайда бала сау болуы керек, ал барлық әрекеттер учаскелік дәрігерлермен келісілуі қажет.

«Қызылшаға қарсы вакциналау өте маңызды. Себебі, осы уақытқа дейін қызылшаға қарсы ұжымдық иммунитет қажетті деңгейге жете алмай келеді. Көптеген ауыр, туа біткен және сирек кездесетін аурулар балаларда өте ерте білінеді. Бірақ әдетте, олар алты айдан бастап және одан жоғары жаста көрінеді. Бала нашар тыныстап, денесі құрысып, жүйке жүйесінен ауыр көріністер байқалған кезде, аурудың өзі пайда болғаннан кейін, клиникалық вакциналау қиын болады. Себебі, мұндай аурулар көбінесе тыныс алу функциялары мен басқа механизмдердің жеткіліксіздігіне байланысты ауыр зардаптарға әкеледі. Біздің кестеміз неге бағытталған, ол неге ерте жасалған? Ол сирек кездесетін аурулардың негізгі деңгейіне дейін негізгі базалық вакциналауды беріп үлгеруге бағытталған», — дейді маман.

Бұл ретте баланы вакциналауға арнайы дайындау талап етілмейді дейді сарапшылар. Басты шарт — екпе қабылдар алдында баланың дені сау және дене қызуы болмауға тиіс.

«Бұрын вакциналаудан кейін температурасы 38 С дейін көтерілген балаларға екпе салмай тұрып, 1 сағат бұрын «Ибуфенді» жас мәлішеріне қарай немесе процедуранан кейін бір сағаттан соң беруге болады», — деді дәрігер.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Раушан
ЫДЫРЫСОВА,
балалар
инфекционист-
дәрігері:

БАЛАҒА ҮЛКЕНДЕР
ЖАУАПТЫ

Вакциналау, ең алдымен, баланы қорғау үшін қажет. Мысалы, қазір вакциналанбаған адамдарда қызылша ауруы жиі кездеседі. Сондай-ақ, баланың маңындағы балаларды, сонымен қатар, өз аймағыңыздағы барлық баланы қорғайсыз. Сөйтіп, сіз ұжымдық иммунитетті қалыптастыруға көмектесесіз. Ең танқаларлық факт — жоспарлы профилактикалық екпенің нәтижесінде балаларда В вирустық гепатитімен ауыратын жеткіншектер саны айтарлықтай төмендеді, тіпті бұл індетпен ауырған бала жоқ десек те болады. Сәбиге туған сәтінен бастап 24 сағат ішінде үш рет вакцина салу оны В вирустық гепатиті сияқты қауіпті аурудан өмір бойы қорғайды. Бүгінде Қазақстанда заманауи вакциналар қолданылады. Олар — құрамында мертиолат (сынап препараты) жоқ біріктірілген суббірлік вакциналар. Сондықтан екпелердің құрамына күмәндануға еш негіз жоқ.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШЕВА.



АДАМ ЖӘНЕ ЗАҢ

ҚҰҚЫҚТЫҚ КЕҢЕС

Мемлекет кепілдік берген заң көмегін кімдер алады?

Қалада жыл басынан бері 7753 азамат жалпы сомасы 129 933 066 теңгеге мемлекет кепілдік берген заң көмегін алды. Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде Әділет департаментінің өкілдері заңгерлік кеңес алу тәртібі туралы айтып берген еді. Мемлекет кепілдік берген заң көмегі – оны алуға құқығы бар жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін құқықтық көмек.

Мемлекет кепілдік берген құқықтық кеңес беру түріндегі заң көмегі алимент өндіріп алу, зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау, оңалту, босқын немесе қандас мәртебесін алу, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған кәмелетке толмағандарға; жыныстық зорлық-зомбылық құрбандарын; адам саудасы, терроризм актісі құрбандарына не осы деректерге байланысты олардың құқығы мен заңды мүддесін қамтамасыз ету және қорғау мәселелері бойынша азаптауға ұшырағандарға; жеке тұлғаларға асыраушысының қайтыс болуынан келтірілген зиянды өтеу мәселелері бойынша; жеке тұлғаларға жұмысына байланысты, болмаса, қылмыстық құқықбұзушылық салдарынан денсаулығына зақым келген жағдайда; Ұлы Отан соғысының қатысушылары болып табылатын жеке тұлғаларға, жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушыларына теңестірілген адамдарға, сондай-ақ басқа мемлекеттер аумағындағы жауынгерлік іс-қимылдар ардагерлеріне, мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерге, бірінші және екінші топ мүгедектігі бар адамдарға келтірілген зиянды өтеу мәселелері бойынша жеке тұлғаларға жасына байланысты, кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес мәселелер бойынша зей-



неткерлер; кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес мәселелер бойынша көпбалалы отбасыларға; жан басына шаққандағы орташа табысы облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда, астанада белгіленген кедейлік шегінен бір ай төмен аз қамтылған адамдарға кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес мәселелер бойынша көрсетіледі.

Соттарда, қылмыстық қудалау органдарында, өзге де мемлекеттік органдар мен мемлекеттік емес ұйымдарда жеке тұлғалардың мүдделерін қорғау түріндегі мемлекет кепілдік берген заң көмегі әкімшілік жауапкершілікке тартылған адамдарға; талап қоюшылар мен жауап берушілерге; қылмыстық-процессуалды заңнамаға сәйкес күдіктілерге, айыпталушыларға, сотталушыларға, сотталғандарға, ақталушыларға және жәбірленушілерге көрсетіледі.

Кешенді әлеуметтік заң көмегі – заң көмегін көрсету туралы шарт негізінде адвокаттар ұсынатын заң көмегінің түрі. Ол Қазақстан Республикасының әлеуметтік қорғау туралы заңнамасын негізге ала отырып, осы топтағы адамдарға арналған. Осылайша КӨЗК арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж адамдар; арнаулы әлеуметтік

көмек алу құқығы бар тұлғалар; ҰОС қатысушылары және жеңілдіктер бойынша оларға теңестірілген тұлғалар; ҚР аумағынан тыс басқа мемлекеттердің аумағындағы әскери қимылдарының ардагерлері; бірінші және екінші топ мүгедектеріне; жасы бойынша зейнетке шыққандарға; арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында тұратын қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға, мүгедектігі бар балаларды жалғыз тәрбиелеп отырған немесе мүгедектігі бар кәмелетке толған адамдардың қамқорлығындағы адамдар санаттары бойынша көрсетіледі.

Азаматтық сот ісін жүргізу шеңберінде кәсіпкерлік қызметке байланысты даулар бойынша кешенді әлеуметтік заң көмегі көрсетілмейді. Сондай-ақ, заң консультанттары көрсететін кешенді әлеуметтік заң көмегін алу үшін азаматтар Алматы қаласының Әділет департаментіне жүгіне алады.

Заңгерлік кеңес алу үшін Әділет департаментіне немесе келесі телефон нөмірлері бойынша хабарласуға болады: 119 немесе 1414.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Қанат БАЗАРБАЕВ,
Алматы қаласы Әділет
департаменті басшысының
орынбасары:

ӘР АДАМНЫҢ ҚҰҚЫҒЫ БАР

Кепілдендірілген мемлекеттік заң көмегі және азаматтарға кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсету – әділет органдарының маңызды бағыттарының бірі. Қазақстан Республикасының әрбір азаматы азаматтық, әкімшілік және қылмыстық процестер шеңберінде білікті заң көмегін алуға құқылы. Мемлекет ел азаматтарына әділдік пен заң алдындағы теңдік қағидаттары негізінде бұл қолдауға кепілдік береді. Тұрғылықты жері мен орналасқан жеріне қарамастан Қазақстан Республикасының аумағында мемлекет кепілдік берген заң көмегін алуға құқылы. Мемлекет кепілдік берген заң көмегіне мұқтаж адамның мүддесі үшін осындай көмек көрсету туралы өтінішпен оның өкілі заңда белгіленген тәртіппен жүгіне алады.

Азаматтар «кешенді әлеуметтік заң көмегі» қызметін алу үшін Алматы қаласының Әділет департаментіне жүгінуге құқылы, оны заң консультанттары Pro bono түрінде өтеусіз негізде көрсететін болады, бұл заң қоғамы өкілдерінің арасында халықаралық тәжірибеде, оның ішінде Қазақстан да бар.

КӨШІ-ҚОН

ЗАҢСЫЗ ЖҰМЫС ІСТЕГЕН

11 африкалық депортацияға жіберілді

Көші-қон заңнамасын бұзушыларды елден шығару туралы 476 сот шешімі шығарылды. ҚР Ішкі істер министрлігі елдегі көші-қон заңнамасының сақталуын тексеріп, жедел-алдын алу шарасын өткізген.

«Көші-қон заңнамасын бұзушыларды елден шығару туралы 476 сот шешімі шығарылды. Мәжбүрлі түрде 70 шетелдік еліне қайтарылды. Барлық шығарылған адамға 5 жыл бойы Қазақстанға кіруге тыйым салынады», – деді Ішкі істер министрлігі баспасөз қызметінің өкілі Шұғыла Тұрлыбек апталық брифингінде.

Алматы облысының полициясы Қонаев қаласында орта мектеп салу кезінде заңсыз еңбек еткен Африка елдерінің 11 азаматын анықтады. Елде болу мерзімдерін бұзған барлық шетелдік жауапкершілікке тартылды және оларды депортациялау бойынша шаралар қабылдануда.

ІІМ елімізде шетелдіктерді қабылдаушы тарапқа өздеріне келген шетелдік туралы Ішкі істер органдарын хабардар етуге тиіс екендігін тағы да ескертеді.



Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, осы механизм бұзылған жағдайда қабылдаушы тарап ҚР ӘҚБтК 518-бабы бойынша әкімшілік жауапқа тартылады. Онда жеке тұлғаларға ескерту жасалса, лауазымды тұлғаларға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға 10 АЕК (1 АЕК – 3450 теңге) мөлшерінде айыппұл салынады.

«Осыған байланысты көші-қон

қызметі Қазақстанда шетелдіктерді қабылдайтын адамдарға өздерінде тұратын адамдар туралы полицияға хабарлау нормаларын бұзбауға шақырады», – деді спикер.

Африка құрлығының 60-тан астам азаматы Қазақстанның көші-қон заңнамасын бұзған. Бұл мәліметті Алматы қаласының көші-қон қызметі 5 айдың қорытындысы бойынша келтіріп отыр.

Бөлімшенің мәліметінше, жыл басынан бері Африка елдерінің 64 азаматы ұсталды, оның ішінде 55-і Нигерия, 5-еуі Камерун, 2-еуі Оңтүстік Африка азаматы және Кот-д'Ивуар мен Сьерра-Леоненің бір-бір азаматы бар.

«Олардың 12-сі сот шешімімен Қазақстан Республикасынан шығарылды. Тәжірибе көрсеткендей, Африка құрлығы елдері азаматтарының көпшілігі Қазақстанға туристік, жұмыс немесе оқу визаларымен келеді. Алайда, олардың біразы уақытында кетпей, Қазақстан Республикасының көші-қон заңнамасын бұзып отыр. Айтпақшы, Алматыда өткен республикалық «Незакон» іс-шарасы күндерінде шетелдіктерді шақырушы тарап қызметін атқарып, қонақтардың өз еліне дер кезінде кетуін қамтамасыз етпеген 5 фирма анықталды. Бұл заңды тұлғалар ҚР ӘҚБтК-нің 518-бабы бойынша жауапкершілікке тартылды. Тағы бір жеке кәсіпкер осындай заңбұзушылықтың қайталануына байланысты шетел азаматтарын шақыру лицензиясынан айырылды», – деді Алматы қалалық ПД Көші-қон қызметі басқармасының басшысы, полиция полковнигі Асхат Бутунчинов.

Бетті әзірлеген
Гүлжанат СЕМБАЕВА.



КАРАТЭ



ОТАНДЫҚ ТАТАМИ ШЕБЕРЛЕРІ

Хорватияда 7 медаль жеңіп алды

Пореч қаласында (Хорватия) өткен WKF каратэден «Karate1 Youth League – Porac 2023» халықаралық турнирінде қазақстандық спортшылар 7 медаль иеленді.

Бұл туралы Спортты дамыту дирекциясы хабарлаған еді. Жарысқа барлығы 72 елден 3275 спортшы жиналған, оның ішінде Қазақстан құрамасының 20 каратэшисі де бар.

Турнир қорытындысы келесідей: 1-орын – Кәусар Естеусіз (48 кг), 2-орын – Кирилл Москвичев (55 кг), 2-орын – Нұрия Тізімбай (68 кг), 3-орын – Максим Москвичев (61 кг), 3-орын – Ақниет Шеризат (50 кг), 3-орын – Жоламан Биғабыл (60 кг), 3-орын – Әлихан Қадырғали (70 кг).

ШАХМАТ

ҚАЗАҚСТАН ШАХМАТШЫЛАРЫ

Батыс Азия чемпионатында 18 медаль алды

Ыстықкөл жағалауында 6–18 жас аралығындағы ұлдар мен қыздар арасында шахматтан Батыс Азия чемпионаты өтуде. Шахматшыларымыз барлық санат бойынша 7 алтын, 3 күміс және 8 қола медаль жеңіп алды. Қазақстан қоржынында 14 санатта барлығы 18 медаль бар. Осылайша ҚР командасы жалпы есепте 1-орын иеленді.

Айта кететін жәйт, жарысқа Қазақстан, Бангладеш, Үндістан, Қырғызстан, Оман, Шри-Ланка, Тәжікстан, Түркіменстан, Өзбекстан елдерінен 280-нен астам ойыншы және Халықаралық шахмат федерациясының туын көтеріп жүрген ойыншылар қатысып жатыр. Жастар арасындағы Батыс Азия чемпионатының нәтижелері (Ыстықкөл, Қырғызстан): Асыллов Мирас, U14 Дәулет Әлихан, U8 Миржанов Арлан, U6 Сайран

ФУТБОЛ

КЕЛІСІМ-ШАРТ МЕРЗІМІ ҰЗАРДЫ

Ұлттық құрама бас бапкеріне қатысты шешім қабылдады

Қазақстан ұлттық құрамасының бас бапкерімен жаңа келісім-шарт 2024 жылдың соңына дейін жалғасады. Қазақстан футбол федерациясы футболдан Қазақстан ұлттық құрамасының бас бапкері Рикардо Какамен серіктестіктің ұзартылғанын хабарлады.

«Литвада өткен Әлем чемпионатында Қазақстан құрамасының табысы елімізде футболдың дамуына үлкен серпіліс берді. Соңғы жылдары біздің футбол жаңа деңгейге көтерілгені анық. Бұл бағытта Каканың қосқан үлесі зор. Алайда, бұл жетістіктермен тоқтап қалмау маңызды.



Біздің құрама негізгі іріктеу кезеңінде жақсы нәтиже көрсетіп, топтан бірінші орынмен шықты. Алға қойылған мақсат

2024 жылы Өзбекстанда өтетін Әлем чемпионатына жолдама алу. Біздің бапкермен осы міндетті орындай аламыз деп сенемін», – деп атап өтті Қазақстан футбол федерациясының президенті Әділет Барменқұлов.

«Қазақстан футбол федерациясына жан-жақты қолдау мен сенімі үшін үлкен алғысымды білдіремін. Басты міндеттердің бірі орындалды – элиталық кезеңге шықтық. Ендігі меже 2024 жылғы Әлем чемпионатына жолдама алу. Алға қойылған мақсаттарды жүзеге асыру үшін бар күшімізді саламыз», – дейді футболдан Қазақстан ұлттық құрамасының бас бапкері Рикардо Кака.

Рикардо Кака 2018 жылдан бастап Қазақстан құрамасын жаттықтырып келеді. Оның жетекшілігімен біздің құрама 2021 жылы өткен Әлем чемпионатында төртінші орын алды. Бұл төрткүл дүние додасындағы ең үлкен жетістігіміз саналады.

ДЗЮДО

АЛМАТЫДА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРНИР ӨТЕДІ

Алматы дзюдодан халықаралық жарысты қабылдайды. «Все о дзюдо» Telegram каналының жазуынша, 2024 жылдың 10–12 мамыр күндері Алматыда Grand Slam жарысы өтеді. Халықаралық дзюдо федерациясы турнирді ресми түрде жарыстар кестесіне қосты.

Биыл Астанада маусымның 16–18 күндері Qazaqstan Barysy Grand Slam жарысы өткен еді.

Мұндай «Үлкен дулыға» турнирлері 2026 жылға дейін тұрақты түрде Қазақстанда өткізіліп тұрмақ.



ГИМНАСТИКА

Қырғыз Республикасының Шолпан-Ата қаласында эстетикалық топтық гимнастикадан «Ai-Gul» халықаралық турнирі өтті. Жарысқа Қазақстан, Ресей және Қырғызстаннан 18 команда қатысты. Жарыс ұзақ және қысқа бағдарламаларда әртүрлі жас санаттары бойынша аралас командалар арасында өтті.

ЕЛ ҚҰРАМАСЫ 1-ОРЫН ИЕЛЕНДІ



Үлкендер арасындағы жарыста бірінші орынды Алматыдан келген Kerbez prima командасы алды. Қысқа бағдарламадағы аралас командалар арасында бірінші орынды алматылық Sport Dance-Olimp командасының мүшелері Лымарева Яна, Егінбай Ерасыл, Нараевская Валерия, Абдуллина Ангелина, Пелымская Анастасия, Гордиенко Вероника, Нурахмет Айша, (жаттықтырушы – Лымарева Виктория) иеленді.

«12–14 жастағы балалар» санатының ұзақ бағдарламасында бірінші орынды алматылық Kerbez Gulder командасы иеленді. Команда мүшелері: Омарова Ясмин, Ким Лилиана, Эбдужаит Эмина, Искулова Линара, Зухра Азизходжаева, Разумкова Полина. Жарыс қорытындысында барлық жас санаты бойынша ел құрамасы 1-орын иеленді.

Бетгі әзірлеген
Гүлжанат СЕМБАЕВА.

БОКС

Түркістанда Мұхтархан Ділдебековтің жүлдесі үшін жасөспірімдер арасында бокс турнирі өтті.

Жарыста 2005 және 2006 жылы туған боксшылар өнер көрсетті. Турнирге Қазақстаннан бөлек, Өзбекстан, Ресей, Қырғызстан, Тәжікстан және Қытай спортшылары қатысты. Нәтижесінде қазақстандық боксшылар 11 алтын медаль жеңіп алды. Ресей мен Қырғызстан әрқайсысы бір-бір алтыннан алды.



ҚОРЖЫНДА – 11 АЛТЫН

Чемпиондардың тізімі:

48 кг. Бекзат Эргешов (Қырғызстан), 51 кг. Нұрасыл Мыңжасар (Қазақстан), 54 кг. Бағлан Кенжебек (Қазақстан), 57 кг. Бекзат Мұсахан (Қазақстан), 60 кг. Нұрислам Қалдыбай (Қазақстан), 63,5 кг. Бахтияр Анарбаев (Қазақстан), 67 кг. Төрехан Сабырхан (Қазақстан), 71 кг. Өнер Сейілхан (Қазақстан), 75 кг. Роллан Кузич (Қазақстан), 80 кг. Азат Жолдасхан (Қазақстан), 86 кг. Ибрагим Бетаев (Ресей), 92 кг. Нұрасыл Ернийаз (Қазақстан), +92 кг. Ерсултан Сапар (Қазақстан).



● МЕРЕЙТОЙ

ЕЛ ЖҮРЕГІ – ЕЛОРДА

Дүние жүзінде шырайлы ша-
нарлар көп. Бір-бірінен әсемдігі
де, ғажаптығы да асып тұр.
Біздің Елордамыз Токио, Париж,
Лондон, Вашингтоннан еш кем
емес.

Әлемде мегаполиске айналған
қалалар жетерлік. Олардың бәрі
бірден дамып кетпеген. Негізі,
көбі белгілі бір оқиғаларға
байланысты орталыққа айнал-
ған. Бұндай тарихи шақтар бір
мемлекеттің екіншісінен бөлініп
шығуына қатысты болып
келеді.

Қазақ мемлекетінің егеменді ел
болуына байланысты көптеген
өзгерістер орнады. Тарихтың
алтын парақтары ашылды. Оған
алтын қаламмен жаңа шежіре-
лер жазылуда.



Алтын көпірге айналды

Қазақстанның астанасы Еуразия жү-
регінде орналасқан. Бірі білсе, бірі білмес,
Ғұн империясының бір кездердегі орталы-
ғы осы маңда қоныс тепкен. Былайша
айтқанда, бәрі бір-бірімен астасып жатыр.

Бабаларымыз арман еткен ғажайып ша-
һар 1997 жылы Арқа төрінде салына бастады.
Міне, содан бастап ең үздік стильдегі ғима-
раттар бой көтеруде. Еуропа мен Азия, Қы-
тай, Арабия, Ежелгі Римдіктер және өзіміздің
түп-тамырымыз көшпенділер мәдениеті
үлгісін анық аңғара аламыз. ХХІ ғасырда ас-
тана салған бірден-бір ел біз екенбіз. Бұл
жағынан келгенде, өзгелерден оқ бойы озық
тұрмыз.

Елорда болғанның көптеген артықшы-
лықтары бар. Оны құр мадақтау деп түсінбе-
ген абзал. Осыған орай, бірнеше ерекшелік-
терін келтірейік.

Дәлірек:

- Мемлекеттіліктің белгісі;
- Асқақтық символы;
- Айбындымыз;
- Абыройымыз.

Қазақ мемлекетінің орталығы Елордамыз
мәңгі тыныштық, бейбітшілік, татулықтың
ордасына айналып келеді. Дүниежүзілік сая-
си аренада өз орны бар. Осыған дейін бұл
шаһарда көптеген айшықты оқиғалар өтті.

Ғасырлар асуы

Ғажап сөзі қай уақытта құнды бола
түседі? Ол үшін өткенді еске түсіріп, бүгін-
мен өмір сүріп, болашаққа бағдар жасай
алу қажет. Сонда алдағы істердің жобасы
көрінеді. Сенімділік артады.

Жаһанға аты шыққан баһадүрлер қала
салған. Шаһарлардың шырайын келтірген.
Мәдениет пен өркениеттің сара жолын сал-
ған. Тастан сарай салып, жан-жағын құлпыр-
тып, барша жұртқа танымал еткен. Бұл
жөнінде, жиһанкездер В.Рубрук, Ибн Батту-
та, Әл Идриси, тағы да басқалары сахарамыз
туралы түрлі қолжазбалар жазып қалдырған.
Тіпті, біздер туралы айтқанда, бір ғана сүттен
7 түрлі тағам әзірлейтініне таңқалған. Жалпы

мәдениет бағытында Орталық Азияның
өзіндік ерекшелігі болған. Ол жағы әліге
дейін сақталуда. Бір жағынан қарап тұрса-
ңыз, мұның өзі сол елде өмір кешетін халық-
тың руханиятынан хабар береді. Сонымен
бірге, ұлттық киімдер, ұлттық тағамдар,
әшекей бұйымдар, жәдігерлер – бәрі-бәрі
ерекшеліктің белгісіндей.

Әр ұлттың ерекшеліктерін астаналары-
нан да аңғарамыз. Мысалы, Жапонияның
Токиясында жапондықтардың стилін байқай-
сыз. Қытайдың Бейжіңі қытайдың сан мың-
даған жылдар тарихынан сыр шертеді. Ұлыб-
ританияның Лондон қаласы Еуропадағы ең
ғажап ордалардың бірегейі саналады. Осы-
лардың баршасы әлемнің кереметіне жатады.

5 қызықты дерек

Дүниеде сұлулығы мен ғажаптығына
көз тоймайтын, суреттеуге сөз жетпейтін
шаһарлар көп. Ондай қалалар әлемнің
гүлі іспетті саналады.

Астана – қазақ мемлекеттілігінің алтын
тәжі. Көшпенділер арманының жемісі елорда
туралы 5 қызықты мәліметпен бөлісеміз.

*Археологтар біздің жыл санауымызға
дейінгі Бозоқ шаһарын тапқан. Арысы ғұн,
берісі түркілердің әкімшілік-саяси ордасы
болған деседі. Бұл көне қалашық бүгінгі елор-
да локациясында орналасқан. Ғалымдар та-
рихи сабақтастықпен байланыстырады.*

*ХХІ ғасырда дүние жүзі бойынша тұң-
ғыш әрі қазірге дейін салынған бірден-бір
айрықша нысан.*

*Астана – әлемдегі Ұлан-Батырдан кейінгі
ең суық астана болып саналады. Тіпті, Кана-
даның Оттавасынан да тым суық.*

*Бас шаһардың алып жатқан аумағы 800
шаршы шақырымнан асады. Ол жаһандағы
Бахрейн, Андорра, Кривити сынды мемле-
кеттердің жер көлемінен де үлкен.*

*Еуразия жүрегі, қазақ елінің орталығын-
да Құранның ежелгі қолжазбасы бар. Қа-
сиетті кітап Әзірет Сұлтан мешітінде
сақтаулы тұр. Құнды жәдігер VIII ғасырда
таза күмістен құйылған.*

Астана – арман қала

Астана – ертегілер шаһары. Еліміздің
жүрегі. Бұл – қиял-ғажайып емес, жер
жүзіндегі ғажап бейне. Қолда бар құнды-
лықты қадірлеу, бағалау, өркендету бәрі-
нен маңызды деп білеміз.

Әр адамның бала күнгі арманы болады.
Оған жетуді әр уақытта қиялдайды. «Сабақ-
ты ине сәтімен» дегендей, ойлағанымың
сәті түсті. Шүкір! Бірде редакция басшылы-
ғы игі ниет танытып, Елордаға жіберуді ұй-
ғарды. Қажетті құжаттарды жинап, іштей
қуанып жүрміз. Бірақ онша сыр алдырмауға
тырысамын. Екі қабатты ғимаратқа қуаны-
шым сыймай, бухгалтерлер кабинеті мен
кадр бөліміне қайта-қайта бас сұқтым.
Өйтіп-бүйтіп құжат жағын реттедім. Пойыз-
ға билет алдым.

Сөйтіп, кешкісін «Тұлпар-Тальгоға»
отырдық. Алматыдан Астанаға жол тарттық.
Жолда үш кісімен таныстым. Арнайы асхана
бөлігіне ойыстық. Менен басқасының жас-
тары 30–40 шамасында. Олар кәсіппен айналы-
сады екен. Байқасам, интернет байланысын
орнататын кісілер сияқты. Орысша, қазақша
сөйлестік. Әлгілер сусын алып, әртүрлі та-
қырыпты қыздыра түсті. Өздерінің осы ба-
ғытта шағын кәсібі бар көрінеді. Арасында-
ғы жастауы бөлек адам екен. Ол бір
генералдың көмекшісі болып шықты. Түннің
бір уағына дейін әңгіме соқтық. Көбіне мен
тыңдаумен шектелдім. Ара-арасында әңгі-
менің көркін қыздыруға тырысып қоямын.
Сөз арасында жүрдек пойыздарға WiFi орна-
ту қажеттігін айттық. Қанша дегенмен ма-
мандар ғой, бұл қымбатқа түсетінін айтып
өтті. Бірақ жасауға болатын көрінеді. Осы-
лайша отырғанда түннің жарымы болды.
Әлгі кісілер танертен Қарағандыдан түсіп
қалды. Ал біздің бағыт – Елорда.

Қазақтың даласы керемет екен. Тағы бір
мәрте көз жетті. Жердің бәрі ақұлла. Орталық
өңірден асып, солтүстікке бет алған са-
йын ағаштар көбейе береді. Қыр, жазық, ұсақ
шоқы – баршасы жарасымды көріністі бейне-

лейді. Дархан хәм Ұлы дала, Сарыарқа төсіне
де келдік. Үскірік аяз бет қаратпайды. Алай-
да, көңілді қуаныш кернейді. Өйткені, бұл
тұңғыш рет еліміздің ордасына табан тіреуім
еді.

Бұрын-соңды тек телеарна, интернет, га-
зет-журналдардан оқып, көріп өстік. Барып
келгендер де аузынан суы құрып айтады.
Шіркін, қашан барамыз деп ойлайтынмын.
Интернет арқылы вокзалдан шықпастан так-
си шақырттым. Сыртқа шықсам, суық жел-
ден қататынымды сеземін. Сәл аяндадым.
Сөйтіп, таксиге отырдым. Іштей құдды
фильм көріп отырғандайсыз. Терезеден ас-
панмен таласқан, биік әрі бірінен-бірі әсем
ғимаратқа қарап көзім тоймауда. Алыстан
«Бәйтерек», одан әрі «Хан шатыр», бір тұсы-
нан еңселі «Ақорда» резиденциясы көрінді.
Такси жүргізушісі гид болды десем, артық
айтпаған болармын. Діттеген мекен – «Қаз-
медиа» орталығына жеткізді. Оған рахмет!

Еліміздегі ақпарат саласы өкілдерінің
басы бір қосылып, түрлі тақырып талқыланды.
Әртүрлі ұсыныс айтылды. Мәселенің дені
журналистердің әлеуметтік жағдайын
жақсарту мақсатында болды. Қызылкенірдек
болып, жанайқайын айтып жатқандар жер-
терлік. Осы ой-талқы алаңына біз де үн қос-
тық. Осылайша көзіміз ашылып, тәжірибе
алмастық.

Екі күндік іссапарда түнгі қаланы көруге
тырыстым. Жарқыраған шамдар, қызылды-
жасылды, әдемі зәулім үйлер сондай тамаша
үйлесім тапқан. «Нұржол» бульварында се-
руен құрған сайын жүре бергің келеді. Голли-
вуд, Болливуд фильмдері ойға оралады. Ду-
бай, New York, Абу-Даби де жүрген
сықылдымыз. Бәрі үйлесімді әрі тұрғындарға
қолайлы етіп ойластырылған. Бір сөзбен
айтқанда, арман қала!

Негізі, әріптесім екеуіміз келгенбіз. Іс-
шараға бірге қатынастық. Ерtesіне кешкісін
қайтуға беттедік. Көп кісілермен таныстық.
Бір-бірлеріміздің жай-күйімізді, журналисти-
каның ахуалын білдік. Ең бастысы, қызықты
жолсапар болды. Осы бір кезді, қызықты
сәттерді қағазға түртпін коюды ұйғардым. Бұл
да естен кетпес естелік болып қалар...

Жақсы күніміз көп болғай!

ТҮЙІН: Қазақ мемлекетінің ас-
таналары көп болған. Соның ішінде
Сығанақтың, Сарайшықтың, киелі
Түркістанның өзіндік орны мен шежі-
ресі бір төбе тарих саналады. Жаһан-
ға аты шыққан хандар, сұлтандар,
билер, игі-жақсылар сол орталықтар-
да жасаған. Шаһарлардың қарқын-
дап дамуы үшін, қолдарынан келген
бар өнерін салған. Бұның бәрі бола-
шаққа, келешек ұрпаққа жасалған
сарабал істер саналды. Ұзақ жылдар
бойғы сәулет өнерінің сырлары мол
мұрасы ретінде бізге жетті.

Негізі, астана сөзі «табалдырық»
дегенді білдіреді екен. Мұның мәнісі
кез келген әлемге табан тигізіп, жаңа
мүмкіндіктерге жол ашылатынын
сездіреді. Қазақ мемлекеттілігі бекем
болып, ел жүрегі саналатын Елорда-
мыз қарыштап дами берсін деген ті-
лектестік білдіреміз.

Олжас ЖОЛДЫБАЙ.





ФОРУМ

БІРЛІК ПЕН БЕРЕКЕ БЕСІГІ

Елорданың 25 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған
Астананың бауырлас қалалары форумы өтті



(Басы 1-бетте)

ТАРИХИ ҚАДАМ

Форумда елорданың бүгінгі мен болашағы туралы айтқан Президент Астана жаңару мен жаңғыруға жол ашқанын атап өтті.

«Өздеріңізге мәлім, елорданы көшіру оңай болған жоқ, қомақты жұмыс істелді. Бұл шешім өте күрделі кезеңде қабылданды. Жұрт нарықтық қатынастарға толық бейімделмеген кез еді. Осындай қиын жағдайда Жоғарғы Кеңес Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастамасы бойынша Астананы Ақмолаға ауыстыру туралы шешімді 1994 жылы 6 шілдеде қабылдады», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұл тұрғыда Президент бас қаламыз ресми түрде 1997 жылы 10 желтоқсанда көшірілгенін еске салды.

«Ал осыдан 25 жыл бұрын 6 мамырда Ақмола атауы Астана болып өзгертілді. Елорданың жылнамасы Тәуелсіз Қазақстанның шежіресімен тығыз астасып жатыр. Шын мәнінде, астананы көшіру геосаяси тұрғыдан өте дұрыс қадам болды.

Бұл – халқымыздың болашақ тағдырын айқындаған аса маңызды және дер кезінде қабылданған тарихи шешім. Тұңғыш Президенттің осы бастамасы жаңа ұлттық идеяға айналды. Бұл шешім еліміздің, халқымыздың ұлттық мүддесіне сай келгеніне ешқандай күмән жоқ. Сондықтан бәріміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бұл саладағы еңбегіне лайықты, әділетті баға беруіміз керек. Әділетті Қазақстанда ақты ақ, қараны қара деу қажет, басқа сөзбен айтқанда, ненің шындық, ненің өтірік екенін ажырата білу керек. Бұл – еліміздің болашағына тікелей қатысы бар мәселе», – деді Мемлекет басшысы.

БӘЙТЕРЕГІМ

Қ.Тоқаев елорданың заманауи келбетін қалыптастыруға Кисё Курокава, Норман Фостер, Ренато Аркетти, Манфреди Николетти сияқты әлемге әйгілі сәулетшілер атсалысқанын атап өтті.

«Бәйтерек» монументі, «Бейбітшілік және келісім» сарайы, «Хан Шатыр» кешені және басқа да бірегей нысандар қаланың көркін аша түсті. Бас қаламыз «Астана опе-

ра», «Астана балет» сияқты өнер ордалары арқылы бүкіл әлемге мәдени орталық ретінде танылды. Жаңа елорда Тәуелсіз Қазақстанның өркендеуіне тың серпін берді», – деді Қазақстан Президенті.

ЕЛІМНІҢ ЖҮРЕГІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Астана қаласының тарихи маңызы туралы да тілге тиек етті.

«Астана – діннің басын қосқан, дінбасылардың дәстүрін тоғыстырған шаһар. Бұдан бөлек, елорда төрінде талай мәрте дүбірлі додалар мен халықаралық сайыстар өтті. Бір сөзбен айтқанда, Астананы бірлік пен берекенің бесігі деуге толық негіз бар. Қазір Астанада Алматы, Ақмешіт, Орынбор, Түркістан, Сауран, Сығанақ, Сарайшық көшелері бар. Бұл – елдік пен мемлекеттілік тарихының нақты көрінісі. Астана – еліміздің жүрегі. Бұл қалада ең маңызды шешімдер қабылданып жатыр. Келешекте де лайым солай болмақ», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Елөмің жылдам дамып келе жатқан астаналарының қатарына кіретін елордамыз басқа қалалардың дамуына үлгі болатыны сөзсіз.

«Өткен ширек ғасырда еліміздің бас қаласының аумағы 3 есе ұлғайып, халқының саны 4 есе өсті. Сарапшылардың болжамы бойынша елорда тұрғындарының саны 2030 жылға қарай 2 миллионға жетеді. Ел астанасы мәртебесіне ие болған сәттен бері қаланың экономикалық әлеуеті 100 еседен астам артты. Қазір қала экономикасы елдегі жалпы ішкі өнімнің 10 пайыздан астамын құрайды», – деді Мемлекет басшысы.

«АҚЫЛДЫ ҚАЛА»

Үйлесімді әрі теңгерімді мегаполис үшін тиімді көлік жүйесінің болуы аса маңызды. Президент бұл тақырыпқа да арнайы тоқталды.

«Орталық көшелерді ғана жарқыратып қойып, қаланың шеткері аудандарына көңіл бөлмеу әділетті қоғам идеясына сай келмейді. Үйлесімді әрі теңгерімді мегаполис үшін тиімді көлік жүйесінің, соның ішінде дамыған қоғамдық көліктің, ыңғайлы велосипед және жаяу жүргіншілер аумағының

болуы аса маңызды», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің айтуынша, технологияның, атап айтқанда жасанды интеллекттің қарыштап дамуы қалаларды барынша сапалы басқару үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашады.

«Ақылды қала» тұжырымдамасын жүзеге асыру азаматтарға жаңа цифрлық қызмет

ұсынуға, ғимараттардың энергия тұтыну тиімділігін айтарлықтай жетілдіруге, сондай-ақ көлік ағынын түбегейлі оңтайландырып, көшедегі қауіпсіздікті арттыруға мүмкіндік береді. Бұл – біз үшін өзекті міндет. Сонымен қатар, адамдарға өзара тығыз байланыс орнатуға көмектесіп, азаматтар мен бизнестің қаладағы өзекті проблемаларды көтеріп, оларды шеше алатын белсенді қоғамдастық құру ісіне атсалысуына ықпал етеді. Астана бұл бағытта дамып келеді және бірқатар жетістікке жетті», – деді Мемлекет басшысы.

ЖАСТАРҒА ҮМІТ АРТАМЫЗ

Бүгінде Астана – мол мүмкіндіктер қаласы. Елімізде Әділетті Қазақстан құру үшін ауқымды институционалдық өзгерістер жүзеге асырылып жатқаны мәлім. Маңызды саяси реформалар жүргізілді. Азаматтардың мемлекеттік, әсіресе, жергілікті жерде шешімдер қабылдауға қатысу мүмкіндігі кеңейді. Осы орайда Президент еліміздегі қала тұрғындары енді өздері сыйлайтын әрі сенетін депутаттарды таңдау мүмкіндігіне ие болғанын айтты.

«Бұл жауапкершілігі мол азамат қағидаттарын орнықтыруға елеулі үлес қосады. Адамдардың өз қаласындағы тұрмыс-тіршілікті жақсарту ісіне ықпал етуге мүмкіндік береді. Алайда, қоғамның құндылықтар жүйесі жаңғырмай, барлық реформамыздың мәні болмайды. Бұған кәміл сенемін. Қазақстанның орнықты дамуы үшін дүниетаным парадигмалары түбегейлі өзгеріп, адамдардың мінез-құлық моделі жаңаруы қажет. Сондықтан мен жастарға, қалалар мен елорданың жас тұрғындарына үлкен үміт артамын», – деді Мемлекет басшысы.



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Сонымен қатар, жиында Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек, Рабат қаласының мэрі Асмаа Рхлалу (Марокко), Нусантара қаласы ұлттық астаналық басқармасының басшысы Бамбанг Сусантоно (Индонезия), Пенза облысының губернаторы Олег Мельниченко (Ресей), Бразилия федералды округінің мемлекеттік хатшысы Фелипе Рамон Моро Родригез (Бразилия), Бішкек қаласының мэрі Эмильбек Әбдіқадыров (Қырғызстан), Белград қаласының вице-мэрі Весна Видович (Сербия) сөз сөйледі.

Әзірлеген Нұржамал ӘЛІШЕВА.

НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?

«ҚАШУ»

Өтетін орны:
«ARTIШОК» театры
(Гоголь көшесі, 40-үй).
Күні мен уақыты:
7 шілде, сағат 22.10.
Жас санаты: 16+.



«БАУЫРСАҚ»

Өтетін орны:
«Жас сахна» театры
(Абай даңғылы,
117-үй).
Күні мен уақыты:
8 шілде, сағат 11.00.
Жас санаты: 0+.



«ШАПИТО»

Өтетін орны:
La Bohème театры
(Зенков көшесі,
24-үй, 2-ші
павильон).
Күні мен уақыты:
8-9 шілде, сағат
14.00.
Жас санаты: 6+.





ЕЛ БЕСІГІ



«АСТАНА СМАРТ ҚАЛАҒА АЙНАЛУҒА ТИІС»

Қала аумағы 3 есе ұлғайып, үй саны 19 есе көбейген

Алатау баурайынан Сарыарқа төріне қоныс аударып, Қазақстан Республикасының бас қаласы атанған АСТАНА ширек ғасыр ішінде гүлденген алып мегаполиске айналды.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Елорданың бүгінгі келбетіне қарасақ, экономикалық және әлеуметтік инфрақұрылымы өркендеген, миллиондаған тұрғыны бар алып қала екенін оңай аңғаруға болады. Алып шаһардың жаңа келбетін қалыптастыруда отандық және шетелдің ең үздік деген сәулетшілерінің еңбегі зор.

Жаңа астана қас-қағым сәтте гүлденіп, көркейген әсем қалаға айналғанына ел куә. Бүгінде өркениет биігіне көтерілген елорданы әлем таниды. Астана қаласының экономикалық қуаты артып, белсенділігі күннен-күнге жандана түскен.

Арқа төсінде енді ғана еңсесін тіктеп келе жатқан жас қалаға бір кездері инвестор тарту ең басты мәселелердің бірі болса, бүгінде сол күмән сейіліп, елорда бөделі артқан, әлем танитын қалалар қатарына қосылды. Жыл басындағы мәліметке көз жүгіртсек, елорда шетел инвестициясын тарту бойынша көш бастап тұрған қалалар қатарында тұр. Қаланың негізгі капиталына салынған жылдық инвестиция көлемі 1,4 трлн теңге болыпты.

23.00 «QAZAQSTAN ДАУЫСЫ. БАЛАЛАР» 2-маусым. Финал. Тікелей эфир (жалғасы)
23.15 «БАУЫРЛАР». Телехикая. (жалғасы)
23.40 «Күйеу бала». Телехикая
1.55 AQPAPAT
2.25 «Aqorda»
2.35 «Зинһар»
3.25 «Шаңырақ»
3.50 «Күй-керуен»
4.20 «Жәдігер»
4.40 Өнұран

ХАБАР

05.00 ҚР Өнұраны
05.00 «Кел, шырқайық»
06.45 Концерт. «Махаббат қаласы» Ернар Айдар
09.00 «Құсқанат ғұмыр»
09.30 «Спорт time»
10.00 Мегахит. «Безумный куш»
12.00 Мультфильм. «Шевели ластами 2»
13.30 «StartUp KZ»
14.00 «Дүлдүлдер дүбірі»
14.30 «Қызық times»
16.00 «Алғашқы»
17.00 Телехикая марафоны. «Тракторшының махаббаты»
19.00 «Cover show»
Мейрамбек Бесбаевпен
21.00 Мелодрама. «Верю в любовь»
23.00 «Әке бақыты»
00.00 «Әсем әндер»
01.00 ҚР Өнұраны

31-КАНАЛ

05.58 ҚР ӨНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия
07.00 Тамаша live
08.00 «Күліп ALL»
08.30 Мультсериал «Маша и медведь»
09.00 «Теннис-шоу» (повтор)
09.30 Готовим с Адель (повтор)
10.00 Д/ф «Эврика»
10.40 «Алдараспан»
12.00 КИНО. Том Холланд в фантастическом боевике «Человек-паук. Вдали от дома» (повтор)
14.50 Анимационный фильм «Потерянное звено»
16.50 КИНО. Нурлан Коянбаев в комедии «Каникулы в Тайланде»
18.40 КИНО. Леонардо ДиКаприо, Кейт Уинслет в мелодраме «Титаник»
23.00 КИНО. Патрик Уилсон в фильме ужасов «Астрал. Глава 2»
01.20 «Bizdin show»
02.40 «31 әзіл»
03.20 1001 Әзіл
03.30 What's up?
04.00 BALA BATLLE
04.30 Тамаша live
05.00 Әзіл студия
05.20 1001 Әзіл
05.30 Ризамын

ЕВРАЗИЯ

6.00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
7.55 «П@УТИНА» бағдарламасы
8.50 «СЕВЕРНОЕ СИЯНИЕ». Многосерийный фильм Любовь Толкалина, Дмитрий Марьянов в многосерийном фильме «КАК ВЫЙТИ ЗАМУЖ ЗА МИЛЛИОНЕРА 2»
15.00 «QOSLIKE» бағдарламасы
19.00 Ольга Гришина, Александр Константинов, Александр Пашков в многосерийном фильме «ЕСЛИ ТЫ МЕНЯ ПРОСТИШЬ»
23.00 «ДВЕ ЗВЕЗДЫ. ОТЦЫ И ДЕТИ». ФИНАЛ
1.10 «МИССИС УИЛСОН». Телехикая
2.25 «П@УТИНА» бағдарламасы
3.10 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
До 5.00

7-КАНАЛ

06.00 Телепередача «Қуырдақ»
06.40 Jaidarman
08.30 Телепередача «Жұлдыздың жары»
09.00 Телепередача «Измайловский парк»
11.20 Телесериал «Ищу тебя»
16.30 Телепередача «Битва поколений»
18.00 Художественный сериал «Кукольный домик»
22.00 Художественный сериал «Пряный вкус любви»
02.30 Келесі кім?
03.20 Телехикая «Япырай»
04.00 Телепередача «Жеңіп көр»
04.50 Телепередача «Қуырдақ»

КТК

07.00 ҚР ӨНҰРАНЫ
07.05 «МӘССАҒАН»
07.30 «АЛТЫН БАҚ», корей телехикаясы. Тұсаукесер! С субтитрами на русском
08.00 «ӨНЕРЛІ ОТБАСЫ»
08.50 «КТКweb» (қайталау)
09.30 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (повтор)
10.00 «СЛЕДСТВИЕМ УСТАНОВЛЕНО»
10.35 «ЛЮБИТЬ И ВЕРИТЬ», мелодрама (повтор) (худ. сериал)
15.00 «ӨТКЕН КҮНДЕР». Өзбек телехикаясы. С субтитрами на русском
17.30 «ШАНШАР»
21.00 «СЧАСТЬЕ ПО ДОГОВОРУ», мелодрама (худ. сериал)
01.00 «СЛЕДСТВИЕМ УСТАНОВЛЕНО» (повтор)
01.45 «ӨНЕРЛІ ОТБАСЫ» (қайталау)
02.30-
05.00 «ШАНШАР» (қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

07.00 Өнұран
07.05 ФУТБОЛ. Чемпионат Европы среди юношей U-19. Полуфиналы
09.10 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының шолуы
10.05 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттар Лигасы. (Ерлер) 1/4 финал. АҚШ – Болгария
12.10 «SPORT REVIEW» ақпараттық-сараптамалық бағдарламасы
12.35 БОКС. «Елорда Кубогы» халықаралық турнирі. Финал
15.20 «Тәлімгер». Марат Жақыт. Деректі фильм
15.50 «SPORT REVIEW» ақпараттық-сараптамалық бағдарламасы
16.15 ФУТБОЛ. «Доп дода» бағдарламасы. Тікелей эфир
16.55 ФУТБОЛ. OLIMPBET-Қазақстан Чемпионаты. «Оқжетпес» – «Қайрат». Тікелей эфир
18.55 ФУТБОЛ. OLIMPBET-Қазақстан Чемпионаты. «Шахтер» – «Ақтөбе». Тікелей эфир
21.00 «SPORT REVIEW» ақпараттық-сараптамалық бағдарламасы
21.25 «Karate Combat» турнирі
23.50 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының шолуы
00.40 Өнұран

BALAPAN BALAPAN

7.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Өнұраны
7.05 Анимация. Отандық / «Еркетай»
7.40 Анимация. Отандық / «Сақалар»
8.00 «Адал достар» Мультхикая.
8.25 Анимация. Отандық / «Еркелер»
8.50 «Джунгли кітабы» Мультхикая.
9.15 «Пәдди – сүйкімді ақ аю» Мультхикая.
9.40 «Достық – жеңілмейтін күш» Мультхикая.

10.05 Анимация. Отандық / «Менің елім»
10.15 Жаңа маусым! Анимация. Отандық / «Күшті көліктер»
10.20 «Ойна, ойла!» ойын-сауықтық бағдарлама
10.45 Жаңа маусым! Анимация. Отандық / «Тоқты мен серке»
10.55 «Қалқанқұлақ» телехикая
11.40 «Қайсар автобус» Мультхикая.
12.10 «Көк орманның еркелері» Мультхикая.
12.35 «Квест» ойын-сауықтық бағдарлама
12.50 Анимация. Отандық / «Бөпе»
13.05 Анимация. Отандық / «Еркелер»
13.30 «Эфирде Аека» ойын-сауықтық бағдарлама
13.45 «Пәдди – сүйкімді ақ аю» Мультхикая.
14.10 Тұсаукесер! «Бала ғой» юморлық бағдарлама.
14.25 Анимация. Отандық / «Еркетай»
15.00 «Джунгли кітабы» Мультхикая.
15.25 Анимация. Отандық / «Әсем әуен»
15.35 Анимация. Отандық / «Тоқты мен Серке»
15.50 «Адал достар» Мультхикая.
16.15 Анимация. Отандық / «Баалақайлар»
16.40 Анимация. Отандық / «Бала Бекзат»
16.50 «Достық – жеңілмейтін күш» Мультхикая.
17.15 «Квест» ойын-сауықтық бағдарлама
17.30 Анимация. Отандық / «Балапан түлек»
17.40 «Лесси» Мультхикая.
18.10 «Эфирде Аека» ойын-сауықтық бағдарлама
18.25 Анимация. Отандық / «Маржан тіс»
18.40 «Көк орманның еркелері» Мультхикая.
19.05 «Қалқанқұлақ» телехикая
19.50 Жаңа маусым! Анимация. Отандық / «Күшті көліктер»
19.55 Анимация. Отандық / «Балапан түлек»
20.05 «Джунгли кітабы» Мультхикая.
20.30 «Ойна, ойла!» ойын-сауықтық бағдарлама
20.55 Анимация. Отандық / «Сақалар»
21.15 Анимация. Отандық / «Әсем әуен»
21.30 «Қайсар автобус» Мультхикая.
22.00 «Сиқырлы бөлме» кешкі ертегі.

22.15 «Лесси» Мультхикая.
22.40 Анимация. Отандық / «Бөпе»
22.55 Анимация. Отандық / «Маржан тіс»
23.10 Анимация. Отандық / «Балақайлар»
23.40 Анимация. Отандық / «Бала Бекзат»
23.55 «Бесік жыры» – Өнұран
0.00 Эфирдің жабылуы

ASTANA TV

06.00 «Ене» үнді телехикаясы
06.25 «Кішкентай келін» телехикаясы
07.20 «Маша и медведь» Мультфильм
08.30 «Рам и Лакхан» Индийское кино
12.20 «Осман» түрік телехикаясы
13.20 «Пять причин не влюбиться в казаха» Худ. фильм
15.40 «Ащы шындық» Шаншар
21.00 «Осман» түрік телехикаясы
21.55 «Лакшми» үнді телехикаясы
00.00 «Жұлдызбысың»
01.00 «Астана кеші көңілді»

TALIM TV TALIM TV

07.00 Семейный доктор
07.40 Тәлім History
08.10 Латын
08.40 Менің анам, менің әкем
09.00 Ғибратты ғұмырлар
09.55 Сау болайық
10.20 Ем болсын
10.30 Жүйріктер – мультфильм
11.00 «Маңызды мәселе (Архив)» – Қайталау
12.00 Ұлт саулығы
12.20 25 сағат
13.24 Dental planet
13.30 Идея
14.50 Ұлт саулығы
15.00 «La Gazette» – Жапон қазағы
16.10 Ойлан – Таласфильм
17.00 Сау болайық
17.10 Views
18.20 Әжемнің әңгімесі
18.30 «Балалар сөзі – өсиет» – Терме
18.50 Сау болайық
19.00 Автопортрет
19.35 Саммари 100 кітап
19.50 Ұлт саулығы
20.00 Емен-жарқын
20.54 Dental planet
21.15 Ұлт саулығы
21.30 YouTube Times
22.20 Тастандылар – қ.м.ф.
23.00 Views



«СЕНЕМІН МЕН»
Роза Рымбаеваның ән кеші.
«ҚАЗАҚСТАН» арнасы. Сағат 14.30-да.

ЖЕКСЕНБІ
16 ШІЛДЕ

Almaty TV АЛМАТЫ

6.00 Алматы кеші
7.00 Концерт
8.00 Мультфильмы
9.40 Детский кино клуб
11.00 Отандық кино
13.00 Концерт
15.00 Женский кино клуб
19.00 Үздік әзілдер
20.00 Тұсаукесер! Телехикая.
«Махаббат деген...»
23.00 Мужское кино
1.00 Өмір иірімі
1.40 Дала сазы
2.05 Алматинские истории
2.30 Алматинские каникулы
2.40 Алматы кеші
3.25 Әсем әуен
4.40 Алматы кеші
5.55 ҚР Өнұраны

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

6.00 Өнұран
6.05 «Жәдігер»
6.30 AQPAPAT
6.50 «Aqorda»
7.00 «Күміс көмей»
8.00 «Дәуір даналары». Деректі фильм
8.45 «Ақсауыт»
9.10 «Бірегей»
10.00 «Жазықсыз жүрек». Телехикая
12.00 «Qazaqstan дауысы. Балалар». 2-маусым. Финал
14.30 Дисней ұсынады. «Күлшеқыз З». Мультфильм
15.35 «Әндер мен жылдар»
18.00 «ЖАЗЫҚСЫЗ ЖҮРЕК». Телехикая
20.00 «ДАРА». Ұлттық білім бәйгесі
21.10 «Көңіл толқыны»
22.30 «БАУЫРЛАР». Телехикая
23.25 «Күйеу бала». Телехикая
1.40 «Бірегей»
2.30 «Күміс көмей»
3.15 «Дәуір даналары». Деректі фильм
4.00 «Ақсауыт»
4.20 «Жәдігер»
4.40 Өнұран

ХАБАР

05.00 ҚР Өнұраны
05.00 «Кел, шырайық»
06.45 Концерт. «Қара бала» Нұржан Керменбаев
08.00 «Таңбалы тарих – таңдаулы тұлға»
09.00 «Спорт әлемі»
09.30 «Культурный контекст»
10.00 Мелодрама. «Верю в любовь»
12.00 Мультфильм. «Остров монстров»
13.20 Мультсериал. «Артур и дети круглого стола»
13.30 «Балақай»
14.15 «Әрекет»
14.45 «Cover show»
Мейрамбек Бесбаевпен Телехикая марафоны. «Шашу»
17.30 Телехикая марафоны. «Тракторшының махаббаты»
19.30 «Jur-jubuten»
21.00 «Отдел журналистских расследований»
21.45 Мегахит. «Области тьмы»
00.00 «Әсем әндер»
01.00 ҚР Өнұраны

31-КАНАЛ

05.58 ҚР ӨНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия
07.00 What's up?
08.00 Тамаша live
09.00 «TeleBingo»
прямой эфир
09.25 Готовим с Адель

10.00 «Теннис-шоу»
10.20 Д/ф «Эврика»
11.00 Анимационный фильм «Потерянное звено» (повтор)
13.00 КИНО. Нурлан Коянбаев в комедии «Каникулы в Тайланде» (повтор)
14.50 КИНО. Леонардо ДиКаприо, Кейт Уинслет в мелодраме «Титаник» (повтор)
19.10 КИНО. Дэйв Батиста в комедийном боевике «Мой шпион»
21.20 КИНО. Эрик Бальфур в фантастическом боевике «Скайлайн»
23.20 «Алдараспан»
01.30 What's up?
02.30 «31 әзіл»
03.10 Әзіл студия
03.30 1001 Әзіл
03.40 Ризамын
04.20 «31 әзіл»
05.30 What's up?

ЕВРАЗИЯ

6.00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
7.50 «П@УТИНА» бағдарламасы
8.50 «ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ»
9.05 «ПОЕХАЛИ!»
10.05 «ПОВАРА НА КОЛЕСАХ»
11.05 Любовь Толкалина, Дмитрий Марьянов в многосерийном фильме «КАК ВЫЙТИ ЗАМУЖ ЗА МИЛЛИОНЕРА 2»
14.45 «ЕСЛИ ТЫ МЕНЯ ПРОСТИШЬ». Многосерийный фильм
18.45 Мария Аронова, Сергей Бурунов в комедии «ПАРА ИЗ БУДУЩЕГО»
21.00 Дмитрий Пчела, Александра Эпштейн, Наталья Калатай, Дмитрий Сова в многосерийном фильме «ЛУЧШЕ ВСЕХ»
1.25 «ЧТО? ГДЕ? КОГДА?». Летняя серия игр. Финал
2.45 «П@УТИНА» бағдарламасы
3.30 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
До 5.00

7-КАНАЛ

06.00 Телепередача «Қуырдақ»
06.40 Jaidarman
08.30 Телепередача «Жұлдыздың жары»
09.00 Телепередача «Юморина»
12.00 Художественный сериал «Пряный вкус любви»
16.30 Художественный сериал «Мастер охоты на единорога»
20.40 Художественный сериал «Мой милый найденыш»
01.10 Jaidarman
02.20 Телепередача «Келесі кім?»
02.50 Телехикая «Япырай»
03.20 Телепередача «Жеңіп көр»
04.50 Телепередача «Қуырдақ»

КТК

07.00 ҚР ӨНҰРАНЫ
07.05 «ӨНЕРЛІ ОТБАСЫ»
07.50 «ӘН МЕН ӘНШІ»
09.50 «СМЕЯТЬСЯ РАЗРЕШАЕТСЯ», шоу-программа
10.30 «СЧАСТЬЕ ПО ДОГОВОРУ», мелодрама (повтор) (худ.сериал)

15.00 «ӨТКЕН КҮНДЕР». Өзбек телехикаясы. С субтитрами на русском
17.30 «МЕНИҢ ЖҮРЕГІМ», Қуаныш Құрманбаевтың ән кеші
21.00 «НЕПРЕКРЕСНАЯ ЛЕДИ», мелодрама. Премьера! (худ.сериал)
01.00 «РАЙОНЫ», казахстанское кино (худ.фильм)
02.30 «БЫЛО ДЕЛО»
03.20 «ӨНЕРЛІ ОТБАСЫ» (қайталау)
04.10-
05.00 «МЕНИҢ ЖҮРЕГІМ» (қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

06.20 Өнұран
06.25 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттар Лигасы. (Ерлер) 1/2 финал. Тікелей эфир
08.30 «SPORT REVIEW» ақпараттық-сараптамалық бағдарламасы
08.55 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасы. Бірінші іріктеу кезеңі. «Тобыл» (Қазақстан) – «Хонка» (Финляндия)
11.00 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының шолуы
11.30 «SPORT REVIEW» ақпараттық-сараптамалық бағдарламасы
11.55 СТЕНДОВАЯ СТРЕЛЬБА. Кубок Мира
13.50 «Жеңіл салмақ жампозы». Біржан Жақыпов. Деректі фильм
14.20 «SUPER BOL!». 4 выпуск
15.15 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттар Лигасы. (Ерлер) 1/4 финал. Бразилия – Қытай
17.25 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының шолуы
17.55 ФУТБОЛ. ОЛИМПВЕТ-Қазақстан Чемпионаты. «Қызылжар» – «Тобыл». Тікелей эфир
19.55 ФУТБОЛ. ОЛИМПВЕТ-Қазақстан Чемпионаты. «Каспий» – «Жетісу». Тікелей эфир
21.55 ФУТБОЛ. Программа «Тур по туру». Прямой эфир
22.35 КӘСІПҚОЙ БОКС. Тим Цзю – Карлос Окампо
00.00 ФУТБОЛ. УЕФА Еуропа Лигасының шолуы
00.50 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттар Лигасы. (Ерлер) Үшінші матч үшін. Тікелей эфир
02.55 «Алыптар алааманы». Арнайы репортаж
03.15 Өнұран

BALAPAN

7.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Өнұраны
7.05 Анимация. Отандық / «Еркелей»
7.40 Анимация. Отандық / «Сақалар»
8.00 «Ойыншық сақшылар» Мультхикая.
8.25 Анимация. Отандық / «Еркелей»
8.50 «Джунгли кітабы» Мультхикая.
9.15 «Пэдди – сүйкімді ақ аю» Мультхикая.
9.40 «Достық – жеңілмейтін күш» Мультхикая.
10.05 Анимация. «Менің елім»
10.15 Жаңа маусым! Анимация. Отандық / «Күшті көліктер»
10.20 «Super отбасы» отбасылық бағдарлама

10.45 Анимация. Отандық / «Тоқты мен серке»
10.55 «Қалқанқұлақ» телехикая
11.40 «Қайсар автобус» Мультхикая.
12.10 «Көк орманның еркелері» Мультхикая.
12.35 «Квест» ойын-сауықтық бағдарлама
12.50 Анимация. Отандық / «Бөпе»
13.05 Анимация. Отандық / «Еркелей»
13.30 «Эфирде Аека» ойын-сауықтық бағдарлама
13.45 «Пэдди – сүйкімді ақ аю» Мультхикая.
14.10 Тұсаукесер! «Бала ғой» юморлық бағдарлама.
14.25 Анимация. Отандық / «Еркелей»
15.00 «Джунгли кітабы» Мультхикая.
15.25 Анимация. Отандық / «Әсем әуен»
15.35 Анимация. Отандық / «Тоқты мен Серке»
15.50 «Ойыншық сақшылар» Мультхикая.
16.15 Анимация. Отандық / «Баалақайлар»
16.40 Анимация. Отандық / «Бала Бекзат»
16.50 «Достық – жеңілмейтін күш» Мультхикая.
17.15 «Квест» ойын-сауықтық бағдарлама
17.30 Анимация. Отандық / «Балапан түлек»
17.40 «Лесси» Мультхикая.
18.10 «Эфирде Аека» ойын-сауықтық бағдарлама
18.25 Анимация. Отандық / «Сиқырлы тас»
18.40 «Көк орманның еркелері» Мультхикая.
19.05 «Қалқанқұлақ» телехикая
19.50 Жаңа маусым! Анимация. Отандық / «Күшті көліктер»
19.55 Анимация. Отандық / «Балапан түлек»
20.05 «Джунгли кітабы» Мультхикая.
20.30 «Super отбасы» отбасылық бағдарлама
20.55 Анимация. Отандық / «Сақалар»
21.15 Анимация. Отандық / «Әсем әуен»
21.30 «Қайсар автобус» Мультхикая.
22.00 «Сиқырлы бөлме» кешкі ертегі.
22.15 «Лесси» Мультхикая.
22.40 Анимация. Отандық / «Бөпе»
22.55 Анимация. Отандық / «Сиқырлы тас»
23.10 Анимация. Отандық / «Балақайлар»

23.40 Анимация. Отандық / «Бала Бекзат»
23.55 «Бесік жыры» – Өнұран
0.00 Эфирдің жабылуы

ASTANA TV

06.00 «Ене» үнді телехикаясы
06.25 «Кішкентай келін» телехикаясы
07.20 «Маша и медведь» Мультфильм
08.20 «Чужой ребенок» Индийское кино
12.20 «Осман» түрік телехикаясы
13.20 «Алдараспан»
17.10 «Гудбай мой бай 2» Худ. фильм
19.00 «Құдалар» Худ.фильм
21.00 «Осман» түрік телехикаясы
21.55 «Лакшми» үнді телехикаясы
00.00 «Құдалар» телесериал

TALIM TV TALIM TV

07.00 Views
08.10 Руханият
09.00 Айтыс. Алтын қор
09.30 Саморазвитие с Маржан-коуч
09.55 Сау болайық
10.20 Ем болсын
10.30 «Баланы бала деменіз» – Балалар уақыты
11.00 Қазақ спортының классикасы
11.30 Кестелі орамал
12.00 Ұлт саулығы
12.20 ТамашаLike
13.24 Dental planet
13.30 Қазақы өңгіме
14.20 Өнер қырандары
14.50 Ұлт саулығы
15.00 Капля добра в пустыне – 1, 2-часть
16.30 Кеш емес – қ.м.ф
17.00 Сау болайық
17.10 Бір дубль
18.30 «Бабалар сөзі – өсиет» – Терме
18.50 Сау болайық
19.00 Балалық шаққа саяхат
19.35 Бақытты отбасы
19.50 Ұлт саулығы
20.00 Talim Speakers
20.40 Сырласайық
20.54 Dental planet
21.15 Ұлт саулығы
21.30 Ғибратты ғұмырлар
22.10 Байлық – Таласфильм
22.30 Пруст сауалнамасы
22.55 Views



«ҚАЗАҚСТАН ДАУЫСЫ. БАЛАЛАР»
Финал. «ҚАЗАҚСТАН» арнасы.
Сағат 12.00-де.



АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ

«ӘЛЕМДІ ЖАҚСЫ АДАМДАР ҰСТАП ТҰР»

Қалада екі мыңнан астам ерікті бар

Жаһанда жолға қойылған шарапаты мол, ақы сұрамайтын, өз еркімен атсалысатын, азаматтық танытатын ғажап іс – волонтерлік! Көңілдің ажарын ашып, жалпыадамзаттық құндылықтың тамырына нәр беріп тұрған, жақсылықтың жаршылары бар. Олар – еріктілер қауымы.



Қай кезеңде болсын адамгершілік, бір-біріне жылылық таныту үлкен жүректің, мейірімділіктің белгісі. Қандай келеңсіздік орын алса да, жұмыла көтерген жүк жеңіл.

Әлемдік тәжірибеде оқыс оқиға, қоғамның жетпей жатқан тұсы, аз қамтылған отбасылар, әлеуметтік осал топ, бәрі-бәрінің мәселесі айрықша назарда болады. Сондай істердің басы-қасында еріктілер жүреді.

Әрине, барлық жерде түрлі мекемелер, қоғамдық емес ұйымдар, жекелеген орталықтар айтып-айтпай көмектеседі. Оны біреу білсе, біреу біле қоймайды. 2020 жылы елімізде Волонтерлер қауымдастығы мықтап қолға алына бастады. Әсіресе, жаһандық пандемия «COVID-19», түрлі техногендік апаттар, мұқтаж жандардың жай-күйі туындаған және т.с.с. сәттерде еріктілер қарап қалған емес-ті.

Олардың игі істері көзге ілінбей қалатын тұстары да болады. Осы ретте еріктілер қауымы туралы бірқатар ой-пікірлерді, зерделеулерді ортаға салуды жөн көреміз.

ҰЙЫМ ТАРИХЫ

Орта ғасырлық ойшыл Ахмед Йүгінеки «Жақсылық жасасаң – жауапсыз қалмайды» дейді. Сондықтан жақсылық жасау жанқұмарлық іс болғаны абзал.

Қазір ғаламды ғаламтор торлап тұр. Ақпарат тез таралады, ғарыштық жылдамдықтың көрінісі дерсіз. Мұның соңы резонанс турдырып жатады. Әсіресе, әлеуметтік мәселелер бей-жай қалдыра қоймайды. Әлеуметтік желінің күдіреті құзырлы органдардың да алдын орап тұрған сияқты. Мәселе өзектілігі артқан сайын, ол атқамінерлер назарынан тыс қалмасы анық. Тіпті, осыған байланысты шешім шығып жатады. Мемлекеттік комиссия құрылады. Осылайша аталған

мәселе рет-ретімен жүзеге асырылады. Осындай ауқымды істердің жанында қарапайым ерікті жандар жүреді.

Дүние жүзінде «Қызыл ай қоғамы», «E-nactus» сияқты бірталай ұйым бар. Сонымен қатар, мұндай істерге белгілі саясаткерлер, қалталы азаматтар мен қарапайым тұрғындар да өз үлестерін қосады. Тіпті, бұған Нобель сыйлығының арнайы бағыты қарастырылған. Бейбітшілік сыйлығы бүкіл әлемде бейбітшілікті күшейту іс-әрекеті үшін беріледі. Бұл алғаш Норвегияда 1901 жылдан бастап беріліпті. Бүгінде Нобель лауреаты – 1,04 млн \$ АҚШ долларын қанжығалайды. Игіліктің де қайыры бар деген сөз. Бұл әр еріктіге айрықша серпін береді. Ол уақытта мұндай істер әркімнің өз иқтиярымен жасалса да, көпшілік арасында арнайы бір статус қарастырыла қоймады.

1945 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымы құрылды. Бүгінде ол 200-ге жуық мемлекеттің басын қосады. Ұйымның әр кездердегі доктринасы – жер ғаламшарындағы бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау. Содан бері игі істер «мейірім ғаламшарын» қалыптастыру болып бейресми аталып кеткен.

Қазақстанда оның іргетасы 1993 жылы қаланыпты. 2006 жылдың 25 шілдесінде Қазақстан Республикасының Президенті «2006–2011 жылдары Қазақстанда азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасына» қол қойды.

2010 жылдың 30 сәуірінде тренингтер, лагерьлер, басылымдар және волонтерлерді хабардар ету мақсатында бастамашыл азаматтар «Ұлттық волонтерлік желі» құрды.

2016 жылдың 30 желтоқсанында Қазақстан Республикасының Президенті «Волонтерлік қызмет туралы» Заңға қол қойды.

Содан бері республикалық маңызы бар ірі



ауқымды іс-шараларды, мысалы, ЕҚЫҰ-ға мүше елдердің саммиті, Ислам Конференциясы ұйымы, VII Қысқы Азия ойындары, «Азиада», EXPO-2017 халықаралық көрмесі және т.б. өткізу үшін волонтерлер тартылып жүр.

Бүгінде Qazvolunteer.kz/ru волонтерлердің бірыңғай платформасы жұмыс істеп тұр. Оның іске қосылған мерзімі – 2018 жыл. Мұнда жұмыс істейтіндер «Жыл волонтері» атана алады. Сонымен қоса, БҰҰ волонтерлік бағдарламасына қатысып, құрамына енуге мүмкіндік жасалған. «ЮНИСЕФ Қазақстан» жобасы қарастырылған. Жыл сайын 5 желтоқсанда ҰБЖ волонтерлік еңбекті тану, волонтерлік қызметке жастарды тарту, сондай-ақ халықты азаматтық қоғамды қалыптастырудағы волонтерліктің рөлі туралы хабардар ету мақсатында Халықаралық Волонтер күні атап өтіледі. Елімізде «Birgemiz» бағытындағы жұмыстыр да жанданып келеді.

ЕРІКТІ БОЛУ
ЕРМЕК ЕМЕС

Философ Лао Цзы «Жақсы адамның сөзі де, ойы мен ісі де ізгі» депті. Тауып айтылған тәмсіл. Ерен еңбек істеп, еңбекақы талап қылмайтын, үлкен жүректі жандардың ерлігі ұшан-теңіз.

Ақын Аманхан Әлімұлы «Әлемді жақсы

адамдар ұстап тұр» деген екен. Шын мәнінде «азаматтың – ардағың!» деген абыройлы атқа лайық болған ләзім. Адамдықтың биігінен түспей, ұдайы жақсы істердің басы-қасында жүрген жандар көпке үлгі. Үндемей-ақ жұртты ұйыстырып, меценат атанып жүрген жомарт жандардың есімін айғайлап айтпасақ та ел біледі.

Кісіге көмектесу, жақсылық жасап жәрдемдесу қазақтың қанында атам заманнан-ақ бар. Дәстүрлі таным-түсінігімізде «асар», «жылу» сынды этнофольклорлық терминдер кездеседі. Оның сыртында ағайынгершілік, бауырмалдық, мейірімділік сияқты жазылмаған, хатқа түспеген көзқарастарымыз тағы бар. Ұшқан құстың қанаты талатын кең жазирада қолұшын беру, қиын сәтте ерікті түрде жәрдемдесу сан ғасырдан бері қалыптасып, санамызға сіңіп қалған. Ол іс үшін ақы сұрамаған. Қазіргі таңда WhatsApp, Instagram, Facebook, TikTok, Telegram арқылы жалған көмек сұрайтындар да көбейді. Әсіресе, пандемия өршіген шақта өтірік ақпар, алдап қаржы жинау деректері күрт артқан. Осындай жағдайлардың алдын алу үшін Stopfake.kz ресми порталы үйлестірілді. Мақсаты – азаматтардың жалған дақыртқа ілікпеуін қадағалау.

Осыған байланысты азаматтық ұстанымына берік, қоғамдағы істері айрықша жандарды сөзге тартқан болатынымыз.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Бағдат АНАРБАЕВА,
Алматы қаласы волонтер фронт-офисінің жетекшісі:

КӨМЕКТЕСУ – ҚАНДА БАР ҚАСИЕТ



еркі болар. Ал соны әркім мақсатқа айналдырса, нұр үстіне нұр болар еді.

Айнұр ЕРТАЙҚЫЗЫ,
Qatqog қоғамдық қоры төрайымының орынбасары:

АТА-АНАМНЫҢ МАҚТАНЫШЫМЫН



болдым. Сондай-ақ, Абай облысындағы Семей орманы өртенгенде алғашқылардың бірі болып көңіл аудардық. Жылу жинауға кірісіп кеттік. Осындай игі жұмыстар атқарған жанға рахат сезімін сыйлайды. Алғашқыда ата-анамның рұқсатын

алдым. Олар қарсы болмады. Әлеуметтік жобаларға барып-келгеннен кейін айтып беретінмін. Бүгінде үйдегілердің, жақындарымның мақтанышымын дей аламын.


Зере МАҚСҮТХАН, ерікті:

ІСТЕРІМІЗ ЕЛЕНСЕ ЕКЕН



волонтерлік өмірге араласып келеміз. Біздің мақсат айқын. Елге осыншама жақсылық жасап жүрген жандар еленгенін қалаймыз. Сол үшін де жоғарыда айтқанымыздай, жасалған еңбекті интернет арқылы болсын дәріптеуге тырысамыз. Өз ісімізге көңіл толады, ризамыз.

Бауыржан ҒАЛЫМЖАН, ерікті:

АДАМДАРҒА КӨМЕКТЕСКІМ
КЕЛЕДІ

Өмірде әркімнің өз миссиясы болады. Әрбіріміздің өз жолымыз бар. Бірақ жұрттың бәрі ауқатты, бай-қуатты күн кеше бермейді. Қоғамның аз қамтылған жандары болады. Міне, сондай кісілерді бөлмей-жармай жәрдемдесу қажет деп ұғамыз. Өз басым волонтерлік іспен айналысамын деп шештім. Ең бастысы, құлшынысы,

адамдарға көмектесу идеясы болды. Жалпы, әр іске кірісерде ынты-жігер болса, түбінде бір нәтиже шығады. Мәселен, Африкадағы адамдарға су жетпейді. Ондай ахуалды естісем жүрегім қынжылады. Ондай нәрселерге жай қарай алмаймын. Дәйектеп айтқанда, адамдарға көмектесу үшін осы салада жүрмін.

Еркебұлан ДҮЙСЕНӘЛІ, ерікті:

ӨЗ ОРТАМДЫ ТАПТЫМ



Көптеген қоғамдық ұйымдарда істеуге болатынынан құлағдар болдым. Сөйтіп, Тараз қаласында осы бағытта жұмыс істедім. Онда шамамен 3 ай қатыстым. Бүгінгі күні Алматыда студентпін. Сондай-ақ, волонтерлік істі де абыроймен атқарып жүрмін деп сезінемін.

P.S. Әлемнің екінші ұстазы Әл-Фараби «Мейірімді қаланың тұрғындары» атты трактатында жақсылық ұғымын жан-жақты, терең талдайды. Тұжырымдай келе, мейірім, қайырым, жанашырлық бөлуге болмайтын егіз ұғым деп білеміз. Дүниені жақсы адамдар, игі істер ұстап тұрғандығын ұмытпайық.

Бетті әзірлеген
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



ҚАЛАДАҒЫ КӘСІП

Қазақстан нарығында отандық шарап өндірісі дегенде, ойымызға бірден Артуш Карапетянның аты-жөні келе қалуы заңды секілді. Өйткені, ол – еліміздегі аты аңызға айналған шарап жасаушылар әулетінің ата кәсібін жалғастырушы, коньяк өндірісінің негізін қалаушы. Танымал кәсіпкер ісінің тасы өрге домалап тұрған себебі – сусында-рының сапасы жоғары және бәрі табиғи өнімдерден дайындалған.



ТАБИҒИ ӨНІМГЕ СҰРАНЫС ЖОҒАРЫ

Winnac Elite – 2004 жылы құрылған қазақстандық-германдық бірлескен кәсіпорын. Бұл – өз жұмысын Қазақстанда еуропалық коньяк нысандарының қағидаты бойынша құрып жатқан жалғыз һәм бірегей іргелі мекеме. Коньяк пен шарап өндіру процесі сабағынан үзілгелі тұрған жүзімнен бастап, стаканға құйылғанға дейін бақыланады. Түркістан облысындағы Батыс Тянь-Шань тау бөктерінде өз жүзімдіктері, сондай-ақ Алматыда заманауи спирт зауыты бар кәсіпорын әлемнің жетекші өндірушілерімен оңай-ақ бәсекелесе алатын жүзімнің бірегей сорттарын дайындайды.

– Қазақстан нарығында сусын өндірісі пайда болған алғашқы кезден-ақ біз тек табиғи шикізаттардан өнім шығаруға ден қойдық. Біздің бірегейлігіміз – өсіп тұрған жүзімнен бастап, ол сусынға айналып дүкен сөресіне жеткенге дейінгі жұмыстың бәрін өзіміз атқарамыз. Өндірістің технологиялық желісі жүзімдіктерден басталады. Түркістан облысында біздің жүзімдіктеріміз бар. Олардан шараптардың ркацетели, рислинг, құлжа, алиготе, каберне, баян-ширей сынды сорттарын аламыз. Бұл сорттардың бәрі Оңтүстік Қазақстанда аудандастырылған және уақыт көрсетіп отырғандай, жақсы тамыр жайып, әр гектарынан 100-ден 120 центнерге дейін тұрақты өнім береді, – дейді кәсіпорын басшысы Артуш Карапетян.

Ғасырдан-ғасырға жалғасқан дәстүрлер, мінсіз абырой-бедел, танымалдылық – мұның бәрі Winnac Elite ассортиментін ілгерілетуде сөзсіз басым рөл атқарады. Бірақ жоғары сапаны көрсететін ең басты белгісі – шығарылған өнімнің әрбіріне жеке таңбаланған «А.Карапетян зауыты кепілдік берген сапа» деген белгімен қойылған қол және мөрі.

ӘКЕ АМАНАТЫ

Бабадан балаға мұра болып келе жатқан шарап кәсібінің атағы қыр асқан бүгінде. Әрі ол жай жаңғырық немесе құрғақ сөз емес. Ұзақ жылдардан бері жинақталған мол тәжірибе, арнайы рецепт, ең бастысы, екенің арман-мақсаты – мұның бәрі ешқандай ақшаға сатып алуға болмайтын құндылықтар.

– Қазақстанда шарап жасау тарихы әлі де теренге кете қойған жоқ. Қазақстандағы алғашқы жүзімдікті 1937 жылы



ЖАҢА ӨНІМ – БІРЕГЕЙ БРЕНД

немесе Winnac Elite жетістігінің құпиясы неде?

Армениядан жер аударылған менің әкем Месроп Огонжано-вич Карапетян әкелді. Әкем ондаған сотық жерге жүзім отырғызады. Ал үш жылдан кейін жертөлемізде шараптың бірнеше сорты мен чача деген коньяк спирті тұрды. Жертө-леміз құдды зертханадағыдай таза, жайлы болды. Мен кіріп алып, шарап дайындау процесін бақылағанды ұнататынмын. Кейінірек, Кеңес заманында, мен сусындар өндіру саласына жұмыс істеуге келгенде, әкемнің ізін өшірмей, жалғап әкетуді армандайтынмын. Сол арманым жеттім, – дейді Артуш Месропович.

Иә, ол жүзім өсіруге және одан табиғи өнім алуға деген құлшынысты, еңбекқорлықты бойына әкесінен ерте жастан сіңірген болатын. Көз жұмарының алдында әкесі ұлына «жүзімдерге ие болғын, балам» деп мұра еткені де күні бүгіндей есінде. Содан бері Артуш Месропович әке аманатына адал болып келеді.

АЛТЫННАН – АЛҚА

Франция, Португалия, Испания және басқа да елдердің танымал шарап пен коньяк өндірушілері қатысқан халықара-лық дәм тату (дегустация) іс-шарасында аталған қазақстан-дық кәсіпорын алтын, күміс және қола медальдармен мара-патталды. Сонымен қатар, «Маршал» деген атауы бар құрмет грамотасын иеленді. Ал Артуш Месроповичтің өзі болса Франция өндірістер одағының «Наполеон» алтын медалін тағып, мерейі тасыды.

Иә, Winnac Elite кәсіпорнының бағындырған белесі көп. Бүгінгі күнгі нарықтағы ең сапалы және қауіпсіз өнімдердің бірі. Дегенмен, Артуш Карапетян қазір болдым, толдым деп тоқмейілісін уақыт емес деп санайды. Керісінше, шарап өнімдерін жетілдіруге ұмтылады.

– Біз өз ассортиментімізді, әсіресе, коньяк түрлерін үнемі жаңартып отырамыз. Ал коньяқтың құдайлардың сусыны болып саналатыны да кездейсоқ емес болар. Ол бүкіл азаның жаңаруына, қанның, қан тамырларының тазаруы-на ықпал етеді, қысымды қалыпқа келтіреді, ұйқыны жақ-сартады. Жатар алдында 50 грамм коньяк ішу – міне, бұл менің денсаулық пен ұзақ өмір сүруге арналған рецептім. Оны көп мөлшерде ішу мүмкін емес, оның керемет дәмін сезіну үшін ақырын ғана ұрттап ішу керек, – дейді Артуш Месропович.

ЖАҢА ИННОВАЦИЯ

Кәсіпорынның көкжиегі Карапетяндар отбасының сөзсіз ғасырлық дәстүрлер жалғастығы арқылы кеңейді.

– Қазір тіпті қарапайым коньяктарды да еменнен жасал-ған бөшкелерде сақтай бастадық. Әдетте «ағашқа» тек мар-

калы сорттар құйылады, ал қарапайым сорттары эмальданған контейнерлерде сақталады. Ал біз қазір коньяктарды үш жылдан бес жылға дейін емен бөшкелерде де сақтаймыз. Бұл сапа үшін өте маңызды, емен құрамында лигниннің мөлшері көп. Ол коньяк дәмінің керемет бола түсуін үстей түседі. Біздің коньяқты тұтынатын әрбір адам оның өзгеше дәмін бірден сезінетіні анық, – дейді біздің кейіпкер.

Бүгінгі күні кәсіпорын ассортиментінде грузин әдістері-мен жасалған коньяк өнімдері ғана емес, сонымен қатар ша-раптың 22 түрі бар.

– Айта кету керек, біздің барлық дәстүрлі шараптарымыз-ды Еуропадағыдай емен бөшкелерде сақтауға көштік. Емен бөшкесінде сақталған шараптың да дәмі өзгеше болады. Мұны біздің тұтынушылар бағалай біледі деп ойлаймын, – дейді шарап жасаушы кәсіпкер.

Кәсіпорынның зауыт өндірісіне мүлдем жаңа өнім, яғни бірегей қазақстандық брендті қосқанына көп бола қойған жоқ. Оның рецепті кәсіпорын технологтары мұқият зерде-леп, әзірлеп шыққан болатын. Сапалы бренд сусын емен бөшкелерінде екі жылдан астам уақыт сақталады. Оның дәмін шөп тұнбалары мен раушан жапырақтары үстей тү-сетіні тағы бар.

САПАҒА КЕПІЛДІК БАР

«СП «Winnac Elite» ЖШС – өз өнімдерін тікелей фирма-лық дүкендер желісі арқылы қолжетімді бағамен сататын табиғи спирттік ішімдіктердің жалғыз өндірушісі. Артуш Карапетянның басшылығымен өндірілген өнімдердің сапасы көпшілікпен мойындалып, бірқатар халықаралық және мем-лекеттік наградамен марапатталған.

Артуш Карапетян – профессор, экономика ғылымының кандидаты, Қазақстан шарап өндірушілер одағының прези-денті, Халықаралық жүзім шаруашылығы және шарап жасау академиясының академигі (Франция), «СП «Winnac Elite» ЖШС директоры кеңесінің төрағасы. Әр жылдары оның еңбегі «Құрмет», II дәрежелі «Достық», «Парасат» сынды мемлекеттік наградалармен және көптеген медальмен мара-патталды.

«СП «WinnacElite» ЖШС өндірген табиғи сусындар-дың дәмін татқыңыз келсе, оның Алматыдағы фирма-лық дүкендері төмендегідей:

- * Райымбек даңғылы, 509/1 (Б.Момишұлы мен А.Ясауи көшелерінің ортасында);
- * Гоголь көшесі, 2-үй, «Карапетян» сауда үйі (Орта-лық мәдени және демалыс саябағы ауданы);
- * Ақан сері көшесі, 17-үй, «Ақ жол» супермаркеті (Алматы-1 ауданы).

ҚЫСҚА-НҰСҚА

Инфляция қай деңгейде?

Еліміздегі базалық мөл-шерлеме 16,75% деңгейін-де. Ұлттық Банктің Ақша-кредит саясаты комитеті осындай шешім қабылда-ды. Бұл туралы Ұлттық Банк төрағасы мәлімдеді.

Ғалымжан Пірматовтың айтуынша, инфляцияның жылдық және айлық мәні төмендеп келеді. Жылдық инфляция маусым айында 14,6%-ды құрады. Ал айлық ин-фляция 0,5%-ға дейін баяулаған. Дегенмен, инфляцияның төмендеуі қарқыны әлі де әлсіз. Жанар-жағармай мен тұрғын үй-коммуналдық қызметтер бағасы көтерілсе, тиісінше инфляциялық өсім де күтіледі. Бұдан бөлек, базалық мөл-шерлеме деңгейін сақтауға ел ішіндегі экономикалық процес-тер де ықпал етті. Мәселен, биыл 5 айда экономика 4,5%-ға өсті. Алайда, халық кірісінің төмендігі тұтынушылық сұра-нысты тежеп отыр. Сондай-ақ, Ұлттық Банк сыртқы эконо-микалық факторларды есепке алған.

– Алдағы бір жылға күтілетін инфляцияның медианасы маусым айында 17,2%-ға дейін көтеріледі. Сезілетін инфля-цияның көрсеткіші 18,8%-ға дейін төмендегенімен, әлі де жоғары қалпында қалып отыр, – деді ҚР Ұлттық Банкінің төрағасы Ғалымжан Пірматов.



Шай күні тойланды

Әлемде ең та-нымал сусынның өз мерекесі бар, деп хабарлайды «Хабар 24». ЮНЕСКО штаб пәтерінде биыл бұл мереке осымен екінші рет өтіпті. Шай мерекесіне біздің ел алғаш рет қатысқан.

Әлемде әр секунд сайын 130 келі шай өндірілетін көрі-неді. Ең танымал бұл сусынға сұраныс жыл сайын артып келеді.

– Бұл шарап сияқты. Тіпті, оны бір ерекше өнер деп қарастыруға болады. Мысалы, Шри-Ланкада олар қандай биік жотада өсірілгеніне қарай ерекшеленеді. Шарап сия-қты шайдың дәмін татушы арнайы мамандар бар. Әлемде ірі шай өндірушілердің қатарына Индонезияны жатқызуға болады. Мұнда әсіресе, қара шай құнды. Ал Қазақстан бұл салтанатты іс-шараға алғаш рет қатысып отыр екен. Біздің елде ол өндірілмегенмен халықтың ең көп ішетін су-сыны саналады, – дейді ЮНЕСКО-дағы Шри-Ланканың тұрақты өкілі.



Қазақтар ет дүкенін ашты

Дубайда алғаш-қы қазақстандық тауарлар дүкені ашылды. Онда қа-зақтың қазы-қар-тасы мен жал-жая-сы саты-лады. Бұдан бөлек, таби-ғи бал, кондитерлік өнімдер де ұсыны-лады.

Қазір Қазақстан мен Біріккен Араб Әмірліктері арасын-дағы алыс-беріс көлемі артқан. Тауар айналымы 632 мил-лион АҚШ долларына жеткен. Екі ел арасындағы салықсыз режим, экономикалық байланыс пен сұраныс отандық кәсіп-керлердің еркін бизнес жасауына қолайлы жағдай туғызып отыр.

Сауда орнын қазақстандық екі жігіт бірігіп ашқан екен. Алғашқыда қос кәсіпкер бұл елге тек ет экспорттаумен ай-налысқан. Кейін жергілікті нарықты зерттеп, әріптестік бизнесті бастап кетеді. Енді жуырда осындай үш дүкен ашуды көздеп отыр.

Дүкеннің ашылу рәсіміне осы елдегі отандастар көп жиналған. Елдің дәмін сағынғандар ет алып, қос жігіттің саудасын қыздырған сыңайлы.

Бетгі әзірлеген Нұржамал ӘЛІШЕВА.





ТАРИФ

Жолақы
қымбаттайдыҚұралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алматыда қоғамдық көлікпен жол жүру құны 20 теңгеге өсіп, жолақы 100 теңге болуы мүмкін. Қазіргі уақытта мегаполисте қоғамдық көліктегі тарифтің құны 80 теңге, қолма-қол төлеу тәсілімен төленген кезде 150 теңгені құрайды.



Алматы қаласы әкімдігі қаулысының жобасына сәйкес, қалада қоғамдық көлікпен жүру құнын 80 теңгеден 100 теңгеге арттыру жоспарланып отыр. Бұл жол ақысы ұялы байланыс операторының көрсетілетін қызметтері немесе көлік картасы немесе мобильді қосымша арқылы қолма-қол ақшасыз төлеген жағдайда төленеді.

Ал қолма-қол ақшамен төлем 150 теңгеден 200 теңгеге артады.

Еске салайық, бұған дейін қала басшысы Ерболат Досаев Алматыда жолақыны күзге қарай көтеруді ұсынған болатын. Оның сөзінше, қалада жолақы 12 жылдан бері өзгермеген.

Құжат 21 шілдеге дейін қоғамдық талқылау үшін Ашық НҚА веб-сайтында орналастырылған.

Ақпарат үшін айта кетейік, қазіргі таңда жолақы құны Астана қаласында 90 теңге және 180 теңге, ШҚО-да – 90 теңге және 130 теңге, Жамбыл облысында – 85 теңге және 130 теңге, Қостанай облысында – 100 теңге және 170 теңге мөлшерінде белгіленген.

ТӘРБИЕ

Қала күніне
құрмет

Астана қаласының бүгінгі туған күніне орай, Алматы қаласының Қылмыстық атқару жүйесі департаментіне қарасты №11 мекемесінің қызметкерлері мегаполистегі Жамбыл атындағы жасөспірімдер кітапханасының өкілдері Ұлжан Кәрімбергенқызы, Гаухар Абайқызы және Әсем Мұхтарқызымен бірлесіп, мерекелік концерт өткізді.

Іс-шараның мақсаты – жастарды бүгінде әлем таныған Астананың тыныс-тіршілігімен, мәртебесімен, жеткен жетістіктерімен таныстыру. Сол арқылы жасөспірімдерге Отан алдындағы жауапкершілікті сезіндіру, еліне, Тәуелсіздікке деген сүйіспеншілігі мен құрметін арттыру.

Іс-шара барысында кітапханашы Әсем Мұхтарқызы балалардың алдында Астана қаласы туралы дайындаған баяндамасын тебірене оқыды. Ал әріптесі Гаухар Абайқызы еңсесі биік елорда туралы қызықты кітаптар көрмесін ұсынды. Ұл-

жан Кәрімбергенқызы таныстырған слайд та жастарға ұнады. Себебі, олардың ден қойып тамашалағанын байқадық.

Түзеу мекемесінде жаза-сын өтеп жатқан сотталған жасөспірімдер де қарап қалмай, әсем қала туралы өлеңдер оқып, әндер шырқады.

Шағын ғана кеш жасөспірімдердің эстетикалық талғамын дамытып, танымдық көзқарасын қалыптастыруға, қатарластарынан қалмай қоғамға тәрбиелі азамат болып оралуына дәнекер болады деп сенеміз.

Нұр ЖАМАЛ.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодекстің 96-бабы, 1,2-тармағының негізінде 2023 жылғы 4 шілдеден бастап esortportal.kz сайтында «Баум Тоғайы» табиғат ескерткіші аумағында Баум Тоғайын дамыту және сақтау жобасы және Ормандағы санитарлық қағидалар негізінде 2023 жылы «Баум Тоғайы» аумағында санитарлық кесілетін ағаштарға байланысты қоғамдық талқылау басталады. Байланыс телефоны: 8 (727) 227-53-60.

ҚАҢТАР ОҚИҒАСЫ

Жұмыстар жалғасын табуда

Осы күні әлеуметімізден қымбат асыл тастарды сату етек алғанын жиі байқап жүрміз. Мұның да бір себебі бар сықылды. Қаңтар қырығында талай зергерлік дүкеннің тоналғаны мәлім.

Алматы қалалық Кәсіпкерлер палатасының мәліметінше, Қаңтар бойынша мақұлданған өтініштердің 317-сі сауда саласынан түскен. Атап айтқанда, зергерлік бұйымдар дүкені, ұялы телефон, киім-кешек, т.б. Бизнес орталығынан – 34 өтінім, қоғамдық тамақтану нысандарынан – 26 өтінім, ломбардтардан – 4, бағалау компаниясы мен лизингті терминалдардан – 9 өтінім мақұлданыпты.

Мемлекет басшысының Бизнеске жедел көмек көрсету тапсырмасын іске асыру аясында жеңілдетілген тетік бойынша төлем көлемі 10 млн теңгеге дейін ұлғайтылған. Сондай-ақ, өтінімдерді қарау мерзімі де екі есеге 1 айдан 2 аптаға дейін қысқартылғанын білдік.

А.ҚЫДЫР.

«Almaty aqshamy» газеті Алматы мен Астана қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

*құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

«Almaty aqshamy» жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері
сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«ALMATY AQSHAMY»
ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне
2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

**БІЗ газетімізді асыға күтетін
оқырмандарымызбен және тұрақты
авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!**

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ
2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін)
1 айға – 600,50 теңге, 3 айға – 1801,50 теңге, 5 айға – 3002,50 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)
1 айға – 1620,50 теңге, 3 айға – 4861,50 теңге, 5 айға – 8102,50 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)
1 айға – 440,50 теңге, 3 айға – 1321,50 теңге, 5 айға – 2202,50 теңге

Анықтама үшін телефондар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Газетіміздің келесі саны 11 шілде, сейсенбі күні шығады.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық
жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және
тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
e-mail: dalemesh@vecher.kz
тел: 293-08-12.

Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ
Алматы почтаматына:
261 59 11 телефондары арқылы
хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-
саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
alatauaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері шығады.
Апталық
таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Гүлжанат СЕМБАЕВА

Газет Қазақстан Республикасының
Ақпарат және қоғамдық даму
министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№КЗ80VРУ00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында теріліп,
беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші
жауап береді.
Автордың мақалалары редакция
көзқарасын білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің
электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясы бортндағы
жолаушыларға қолжетімді.



МЕРЕЙТОЙҒА ТАРТУ

ТУҒАН КҮНІҢМЕН, АСТАНА!

Алматыда Елорда күні қалай аталып өтеді?



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

(Басы 1-бетте)

Мереке аясында қала тұрғындары мен қонақтары мәдениет, спорт мекемелері, қаланың шығармашылық ұжымдары дайындаған көңілді, мерекелік бағдарламалар, концерттер, көрмелер, фестивальдар мен премьераларды тамашалай алады. Елорда күнін тойлау аясында қалада флеш-мобтар, «дөңгелек үстелдер», көрмелер, дәрістер, экспозициялар мен поэзия кештері өтеді.

Мәселен, бүгін Абай алаңында сағат 20.00-де Астананың 25 жылдығына арналған мерекелік концерт өтеді. Думанды кеште Луина, Ziruza, Akim, Kyle Ruh, Bonapart, C.C.Tay, Malika Yes, Aya Funk,

Rin'Go, «Жігіттер», «Бақай» тобы және т.б. өнер көрсетеді.

4 шілде, сағат 19.00-де Ықылас атындағы музыкалық аспаптар мұражайында Made in KZ тобының қатысуымен «Асқақтай бер, Астана!» концерті өтті. 5 шілде, сағат 14.00-де Alatau Creative Hub-та «Жарқырап, жайнай бер, Астана!» кітап көрмесі мен балаларға арналған зияткерлік ойын ұйымдастырылды.

Наурызбай ауданында 5 шілде, сағат 11.00-де Инновациялық шығармашылық орталығында мерекелік концерт өтті.

Алатау ауданында 5 шілде, сағат 17.00-де Атлетикалық ауылда мерекелік қойылым болды.

Түркісіб ауданында да Елорда күніне орай эстрада жұлдыздары мен көркемөнер ұжымдарының қатысуымен 5 шілде, сағат 18.00-де Сауранбаев көшесіндегі Арбатта мерекелік іс-шара өтті. Сағат 20.30-да

ашық аспан астындағы фильм көрсетілді. Айта кетейік, мерекелік іс-шаралар қаланың барлық ауданында салтанат құрады.

– **Әуезов ауданында:** Астана күнін тойлауға арналған мерекелік концерт 6 шілде, сағат 11.00-де «Family» саябағында ұйымдастырылады;

– **Медеу ауданында:** Елорда күніне орай шығармашылық ұжымдардың қатысуымен мерекелік концерт 6 шілде, сағат 11.00-де Гоголь көшесі, 1 мекенжайындағы Орталық мәдениет және демалыс саябағында өтеді;

– **Алмалы ауданында:** Астана күніне арналған мерекелік концерт 6 шілде, сағат 17.00-де «MEGA Park» СОО аумағында өтеді;

– **Бостандық ауданында:** Мерекелік концерт 6 шілде, сағат 18.00-де Mega Center Alma-Ata СОО амфитеатрында болады.

ҚЫЗЫҚ ДЕРЕК

Елорда күні қарсаңында елімізде Астана есімін иеленген қанша қазақстандық тұратыны белгілі болды.

«МЕНИҢ АТЫМ – АСТАНА»

Елімізде Астана есімін иеленген қанша қазақстандық тұрады?

- Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, бүгінде Қазақстанда Астана есімді 26 адам тұрады. Оның 18-і ер, 8-і әйел екен. Олардың ішінде 17 адамға ғана елорда құрметіне Астана есімі берілген, қалғандарына 1998 жылға дейін осы есім қойылған.
- Елімізде балаларына «Астана» сөзі кездесетін есім қойған отбасылар да кездеседі. Мәселен, қыздар арасында Астанай, ұлдар арасында Астанали, Нұрастана сияқты есім иеленген қазақстандықтар бар.
- Тағы бір қызық дерек. Елорданың басты көрікті жерлерінің бірі «Бәйтерек» монументі құрметіне 41 адамға, қазақша «Бәйтерек» транскрипциясында 31 адамға есім берілген.
- Францияда да Астана есімді қыз тұратынын айта кеткен жөн.
- 2016 жылы Астана есімімен 10 адам, Бәйтерек есімімен 53 адам тіркелген.

Бүгін Қазақстанның астанасы 25 жылдығын атап өтеді. Президенттің 1997 жылғы 20 қазандағы Жарлығына сәйкес 1997 жылғы 10 желтоқсаннан бастап қазіргі Астана – бұрынғы Ақмола елорда болып жарияланды. Қазақстанның жаңа астанасының ресми тұсаукесері 1998 жылы 10 маусымда өтті.

Қ.ЖҰМАДІЛОВА.

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

АЛАТАУДЫҢ БАСЫНАН БҰЛТ КЕТПЕЙ ТҰР

Нөсер тілеген көкала бас қорғасын бұлттар шың басын қымтап алған...

Алматыда биылғы жаз жауын-шашынды, найзағайлы болып басталып, ауа райы құбылмалы қалпын әлі сақтап тұр. Алатаудың басынан бұлт кетпейді, тұмшалап алған. Тау бөктерлері мен шатқалдарын салқын самал еншілеп, түнге қарай, әсіресе таң алдында салқындатып жібереді.

Сәрсенбек
БЕКМҰРАТҰЛЫ

«Алдағы аптада аптап ыстықпен бірге нөсерлі жауын, өкпек жел, салқын самал болуы әбден мүмкін. Найзағай ойнап, күн күркіреуі де ғажап емес...» дегенбіз өткен жолғы пайымымызда. Солай болды да, күн күркіреп, найзағай ойнады.

Бүгін қолданыстағы күнтізбе бойынша, шілде айының 6-шы жаңасы. Ал «Шілде амалының» алғашқы онкүндігі бітіп, екіншісі басталды. Табиғат жыршысы Лияс Жансүгіров ақынның:

«Құрт, ірімшік қайналды,
Құлындар да байланды.
Жапырақтар жалпайды,
Жас қозылар марқайды...», –

деп басталатын шілде көрінісі туралы «Жазғы шілде» өлеңінің жазылған мезгілі бұл.

Шілде өте ыстық ай, оның ыстығы 40 градусқа жететін болғандықтан, әрі 40 күнге созылатындықтан, бұрынғылар «қырық күн шілде» деп атаған. Маусым айының 25 жұлдызынан тамыз айының 5 жұлдызына дейінгі кезеңді камтиды, ауа райы өте ыстық болады. Иә, бұл болжам бойынша, қазақ пайым осылай дейді. Ал шын мәнінде әлі аспан толық әрі тұрақты ашылар емес, жаңбыр басылар емес.

Осы мезгілді данышпан халқымыз «Бас шілде» деп те атайды. Амал кезінде қапырық ыстық болады. Кейбір жылдары қоңыржай қалыпта өтетін болған. Ел арасындағы ауа райын бақылайтын есепшілер, Бас шілденің қалай өтуіне қарап, шілде айындағы күн райын болжайтын болған.

Өткен жолғы пайымымызда сөз еткендей, ел жайлауларында құлын байланып, бие сауу жүріп



жатыр. Қымыздың жүз ауруға ем екенін дәрігерлер айтып жүр. Саумал – сал ауруларына, жүрек пен асқазан жарасына, бауыр мен өкпе ауруларына мың да бір шипа. Буын мен каназдық дертіне де дауа.

Бүгін ай күнтізбесі бойынша, өткенде туған айдың –18-і, ал қолданыстағы күнтізбенің тілі

айдың – 6-сын көрсетіп тұр, қазақша есепке жүгінсек, шілде айы енді 9 күннен кейін туады. Әр айдың басы мен ортасы және соңғы кезі әлбетте, өзгеріссіз болмайды. Демек, алдағы аптаның жаңбырлы болатынын меңзеп тұр. Күн бұрынғыдан салқындайды, бірақ мұндай көрініс ұзаққа бармауы тиіс...

БАБАЛАР
БОЛЖАМЫ

Табиғат
құбылыстарына
қарап
жасалған жорамал:

- * Таңғы шөп құрғақ болса – түнде жаңбыр жауады.
- * Найзағай күркірі жаңғырып естілсе – нөсерлетеді.
- * Шық қалың түссе – аспан шайдай ашылады.
- * Таңертең өзен, көл суын тұман бауырласа – ауа райы күрт жақсарады.
- * Күн кенет ысып кетсе, ұзамай жауын жауады.
- * Жаз найзағайлы болса, қыс жайлы болады.